

П И О Н Е Р



АПРЕЛЬ

1955 ЖЫЛ
АЛМАТЫ

№ 4

ПИОНЕРЛЕР МАРШЫ

Марш екiнiшпен, көңiлдi:

Музыкасын жазған С. Мұқамеджанов
Сөзін жазған М. Рашев.

Бей-біт күн - жырымыз. Қызық - ты әр

күніміз елдің сәні, болашағы өмір гүлі - міз.

Өмір гүлі - міз

1. Бейбіт күн жырымыз,
Қызықты әр күніміз
Елдің сәні,
Болашағы — } 2 рет
Өмір гүліміз!

2. Ұрпағы Лениннің —
Пионері елімнің
Ардақтаймыз,
Біз ақтаймыз
Отан сенімін.

3. Ағамыз комсомол!
Алдымызда жарқын жол!
Ұлы істерге —
Жеңістерге
Достар, дайын бол!

Коммунистік партия ісі үшін күреске дайын бол!



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-нәркем және публицистикалық журналы


№ 4

АПРЕЛЬ

1955 жыл

Айына бір рет Шығады.

Шығуына 17 жыл.



В. И. Лениннің балалық шағы.

Суретті салған А. Давыдова.

ЛЕНИН ТУРАЛЫ ӘНГІМЕЛЕР

(„Володя Ульянов“ деген кітаптан)

„ПОВАРНЯ“ БҰЛАҒЫНЫҢ БАСЫНДА

Кокушкино деген шағын деревнядағы балалардың бәрі бізден не әлдеқайда үлкен, не әлдеқайда кіші еді, ал Володя болса өзінің ақыл зәрдесіне, тілегіне көбірек үйлесетін, көбінесе ересектеу балаларға үйір болатын.

Мен жазып отырған эпизодтарда кішкентай балалардың сөз болмайтындығы да міне осыдан.

Володяның татар баласы Бахауидың әнін тыңдауға баратын кезін айтып берейін.

Әлі есімде: күн шайдай ашық еді. Төсектен атып тұрып, таңертеңгі шыққа көмілген ағаш арасындағы еңістіу сокпақты бойлап, солқылдақ көпірді басып, Володя екеуміз шомылатын жерге қарай жарыса жүгіреміз, келген бетте суға қойып кетеміз.

Еңсемізді судан неғұрлым биік ұстауға тырысып құлаштап жүземіз, бұлақтың жалтыр айдынында аяқты созып жіберіп қалқыймыз, төңкеріліп те, сүңгіп те көреміз, судың рақатына батып, бойымыз сергіп, шыйрап үйге қайтамыз.

Күн көгіне көтеріле береді. Бақташы бала Бахауи Кокушкиноның кішкентай табынын түс кезінде суаруға айдап келеді.

Володя бұл ақжарқын бала жігіттің әндерін тыңдауды өте ұнататын. Көпірдің үстімен, диірменді жанай Ушня өзенінің арғы бетіндегі шалғынға бөгеп тастаған «Поварня» бұлағына қарай жүгіреміз.

Бахауи Володяны көре сала татар әніне басады.

Бахауидың айтуынша, өлеңнің жалпы мазмұны мынадай: шаруа баласы мал бағады, одан кейін кісіге жалданады, сонда жүргенде «солдатқа алынатын болғандықтан оның шашын қырқып тастайды».

Бұл ескі өлеңнен ерте замандарда-ақ қара халықтың патша армиясын, оның тұрпайы қатал тәртібін, қорлық-зорлығын жек көргендігін байқауға болады.

Татар тіліндегі осы өлеңнің бір шумағы күні бүгінге дейін менің есімде:

Сары, сары, сап-сары
Сары чәчәк саплары,
Сағынырсын, саргаирсын
Кильсә суғыш чақлары.

Аударғанда бұл былай болып шығады:

Сары, сары, сап-сары
Сарғалдақтың гүлдері,
Сағынарсын, сарғайып,
Туса соғыс күндері.

Бахауи әнін аяқтап үлгірмей-ақ, бас бақ-

ташы Антон жетіп келді де, табынды осынша ма ерте неге әкелдің деп, анадайдан Бахауиды тілдей бастады.

— Уақытты сағатсыз ол қайдан біледі?— дейді Володя ара түсіп.

— Шарықпен төрт рет өлшесе, білмей несі бар!— дейді Антон да келісе қоймай.


Ол солай дегенмен, Володя да, мен де шарық сағат қызметін қалай атқаратынын түсінбей қаламыз.

Антон мен Бахауи көзімізге көрсетіп түсіндіргеннен кейін ғана, жылдың осы мезгілінде талтүсте адамның көлеңкесі шарықтың төрт табанына тең екенін ұғамыз. (Әрине, мұнда әр адамның табаны өз бойына сай екендігі ескерілді).

Дағдыда, «ұлы адам» жыйналыс мүшелерін сарғайтып күткізіп, жыйналысқа кешігіп келеді, және де ұлы адам келер алдында жыйналыс мүшелері: «тысс... ақырын... келе жатыр...» деп хабар беріседі. Бұл ғұрып маған орынсыз көрінбеуші еді, өйткені ол ынталандырып, құрмет күшейтіп тұрады. Лениннің жыйналысқа делегаттардан бұрын келгенін және бір бұрышқа отырып алып, қарапайым адамдарша әңгімелесіп отырғанын, конференцияның кәдімгі жай делегаттарымен кәдімгі жай әңгіме жасап отырғанын көргенде, қайран қалғаным-ай. Жасырмаймын, бұл маған ол кезде бірқатар қажетті ережелерді бірсыпыра бұзу сыяқты көрінді.

Мен кейін ғана түсіндім: Лениннің бұл жайдарылығы мен кішіпейілділігі, байқалмай қалғысы келгені, немесе қалайда көзге түспей, өзінің биік дәрежесін көрсетпеуге тырысуы,— бұл белгі — жаңа бұқараның, адам баласының ең «төменгі», қарапайым, кәдімгі жай бұқарасының жаңа көсемі болған Лениннің ең күшті жағының бірі екен.

И. В. СТАЛИН



Осы арада Володя гномонды-астрономиялық бірінші аспапты (көлеңке түсіретін тік қағылған таяқшаны) еске алды. Сол аспап арқылы алғашқы астрономдар — бұлар да бақташы болғандар — күннің биіктігін өлшеген.

Володя білгірсінбейтін жай қарапайым әңгімесі Бахауи екеумізді ғана емес, сол күні барлық дүниеге наразы боп жүрген Антон қартты да қызықтырып әкетті. Антон Кодыли деревнясына барып, ақысын ала алмай құр қол ренжіп қайтыпты.

— «Борыштымын, білемін. Кейінірек беремін» деген осы,— деп Антон күнк-күнк етеді.— Бір тартым темекі де жоқ, көйлектің дал-дал боп иықтан түсіп қалғалы тұрғаны мынау, сатып алуға көк тыйын жоқ.

Володя Бахауидың өлеңін де, Антонның аянышты сөздерін де ұйып тындайды.

Ол жарқырап нұрын төккен күнге қуанады, сонымен бірге күн бетін бүркеген найзағайлы қалың қара бұлттан да сескенбейді.

Дымқыл атаулыны жер бойына қалай сіңірсе, Володя да сыр атаулыны бойына солай жыйнай білуші еді.

Өмірдің жарқын және күнгірт көрінісіне Володяның зейін қойғыштығы адамды қайран қылар еді.

ҚОРҚЫНЫШТЫ ЕРТЕГІ

Августың жауын-шашынды, қараңғы кешінде біз қорадағы қосалқы үйге, үлкен бөлмеге жыйналатынбыз.

Біреулер биллиард, біреулер «Алты карта», «корольдер», «өз козырьлары» деген карта ойындарын ойнайтын.

Ішімізден біреу Гогольді алып, «Диканька маңындағы хутор кешін» дауыстап оқый жөнелетін.

Содан кейін биллиардты да, картаны да тастай салып, бәріміз де отыра қалып, ертегіні ұйып тындайтын едік. «Сыйқырлы орынды» оқып бітіріп, енді оқуға «Жоғалған грамота» әлде «Вий» қызық па деп таласа кетеміз. Өте қорқынышты ертегі болғандықтан «Вийді» оқуға ұйғарамыз.

Қокушкинода қонақ болып жатқан гимназиялық Петя Алексеев терезеге төнген қараңғыға үрейлене қарап қойып, одан сырғый-сырғый келіп керосин шамы жанып тұрған столға тығылады.

Петя осы топтың ішіндегі ересегі еді. Ол өзгелерден гөрі ерекше көзге түседі: тегінде



В. Ленин бөлесімен

Суретті салған А. Давыдова.

бізден гөрі білім дәрежесі шама-шарқы төмендеу, өзі де қорқақтау болса керек.

Оның осы мінезін біліп, біз оның қытығына тиетінбіз, шынына келсек, біз өзіміз де жетісіп отырған жоқпыз — қараңғы түнде қосалқы үйден шығып, жолды кесіп өтіп, үлкен үйге жүгіріп келуге жүрек дауаламайды. Бірақ біз бұл қорқыныш сезімге берілмейтінбіз, қайта оны жасырып, жеңуге тырысатынбыз.

— Петя жақсылап естімей отыр, сондықтан да столға жабыса береді,— дейміз дауыстап.

— Терезеге үңілші,— дейді Володя.— Жөндеп қарасаң, шырағдан жағылған шіркеуді, оның ортасындағы табытты, табыттан діни мектептің шәкірті Хома Брутты көресің... үйрейі ұшып кетіпті... эне, табыт қозғалып, оны жанай өтіп жоғарыда ерсілі-қарсылы ойқастап жүр...

Петя байғұс теріс айналып, терезеден қашып, қолымен құлағын басады. Біз құлағын бастырмай, қолын ұстап тұрып қорқынышты ертегінің сөздерін сыбырлаймыз.

Сөйте отырып біз оны жылауға дейін апарамыз. Володя орынсыз, оспадар ойынды тез тоқтаттырады.

— Жок бұлай ойнауға болмайды! — дейді ол. — Біз бұны бекер ойлап шығардық. Бұл оспадар ойынды тоқтату керек.

Володя Петяны жұбата бастайды.

— Өзің ойлашы, жарық бөлмеде отырып, терезеден сыртқа қарасаң, қараңғы түннен басқа нені көруге болушы еді. Ал, қайта, сен анау гүл өсіретін жерден жарық бөлмені, столдың төңірегіндегі бізді түгел көре аласың. Мұнда қорқатын дәнеңе де жоқ. Тастайық мұны. Келіндер, одан да, екі жерден дой-

...Мен келсем, Лениннің әйелі мен қарындасы кешкі ас ішіп отыр екен, олар мені көрісімен тамаққа отырыңыз деп бәйек болды. Бұл сол кездегі орташа совет қызметкерлері үйіндегі тамақтан ешқандай айырмасы жоқ еді. Шай, қара нан, май, сыр — осы ғана. Лениннің қарындасы «қонақ құрметіне», «тәттіден» бірдемелерді қарастыра бастап еді, әбиір боп шағын ғана кішкене сауыттан варенье табыла кетті. Шаруалар «өзінің Ильичіне» ақ ұн, тоңмай, жұмыртқа, жемістерді үйіп-төгіп жіберіп жататыны да, бірақ солардан Лениннің үйінде дәме қалмайтыны да мәлім. Сыйлықтың барлығы да ауруханаларға, жетім балалар үйіне жіберілетін, өйткені Лениннің семьясы еңбекші бұқараның тұрмысы қандай дәрежеде болса, сол дәрежеде тұру салтын берік ұстайтын.

КЛАРА ЦЕТКИН

бы ойнайық, ал ұтқандар өзара айқасып көрсін.

Дойбы ойнауға кірісіміз. Петя біртіндеп тыныштала бастайды. Уақыт болса өтіп барады. Енді ұйықтау керек.

СЕРУЕНДЕР

Илья Николаевич¹⁾ пен Маша апай²⁾ бізді — балаларды ертіп, саңрауқұлақ пен жидек — жеміс теруге орманға жиі баратын. Илья Николаевич: «Жидек те жыйнайық, балаларды да жоғалтып алмайық», — деп әзілдейтін.


Үйден бір-екі километр жердегі өзеннің жар қабағындағы қарағай орманы маңындағы

Бутыр диірменіне немесе біз «Қалпақ» деп атап кеткен Черемашевтың қалың қарағайына баратынбыз. Бұл орман алыстан көрінетін. Шеті жер бауырлай дөңгелене келіп төбесі шошайған бұл орман сары далаға қондыра салған орасан зор қалпақтан айнымайтын еді. Маша апайдың жақсы көретін жолы сайды басып «Сырт» орманға да баратынбыз. Бұл арада Маша апай кешке қарай жиі серуендейтін.

Серуенде жүргенде сүйікті ақындарымыз: Некрасовтың, Пушкиннің, Лермонтовтың өлеңдерін тақпақтап айтатын едік, айтуға тыйым салынған әндерді, студенттік әндерді, «Еремушкаға арналған әнді», «Стенька Разиннің жартасы» және басқа өлеңдерді қосылып шырқайтынбыз.

Деревняда Маша апай кездескен шаруа әйелдермен жылы жүзбен сөйлесетін. Ол кісінің ертеден таныс ниеттес әйелдері барлық жерде болатын. Олар жақын тартып Маша апай мен менің шешемді Машенька, Аннушка деп атайтын.

Олармен Маша апай өте тату-тәтті болатын, келген сайын оларға базарлық ала келуші еді.



Серуенде.
Суретті салған А. Давыдова.

1) В. И. Лениннің әкесі.

2) Мария Александровна — шешесі,

Маша апай Илья Николаевич серуенге шықса, оған пальто немесе жылы бөкебай ала кет деп болмайтын, оларды ол «қабаттама» деп атайтын. Илья Николаевич суық тигіш кісі еді.

Біз «самовар алып» «Ішкі орман» деп аталатын таяу нуға да бардық. Осы саялы тоғайдың алаңында жалғыз қарағай мен екі жабайы алма ағашы өсіп тұратын еді. Біз сол араға орналасып алып, от жақтық. Алма таба қалсақ, картоппен бірге отқа көметінбіз, бірақ ол шикі күйінде де, пісірілген күйінде де жеуге жарамайтын.

Су әкелу үшін бұлаққа баратынбыз. Осы бұлақтың басында бір орманшыны тонамақ болып біреулер аюандықпен өлтіріп кеткені бар еді. Сондағы қарақшылар орманшы сорлыны байлап кеткен екі ағашы сол уақытта әлі орнында тұрған.

Бұл өлім туралы біз хабардар едік те, су әкелу үшін бұлаққа кім барса да, тіпті ересектердің өздерінде де мыйға сіңіп қалған бір үрей туатын да тұратын.

Бірақ, Володя мұндай ұғым атаулыдан аулақ болғандықтан, суға барайық дегенді тайсалмай айтатын.

— Сен қорықпайсың ба? — деп сұрайтынбыз одан.

— Неден?

— Әлгі өліктен... орманшыдан...

— Гиль! Өліктен кісі қорқа ма екен?

«Гиль» сол кезде Володяның ең сүйікті сөзі болатын, ол айтқанда «л» әрпі сыңғырлағандай естілетін. Егер оның ойынша, біреу-міреу оғаштық, ақмақтық, түкке тұрғысыз бірдеңе айтса, ол оқыс келте: «Гиль» — дейтін. Осы бір кішкентай сөзді ол кезде одан басқа ешкімнің аузынан естімедім.

Балалық шағында Володя сөйлегенде «р» әрпі діріл қағып қосарланып айтылғандай естілетін. Өсе келе «р» әрпін соза айтуы бәсеңсіп-қойылып кетті.

Илья Николаевич те бұл дыбысты онша дұрыс айтпайтын, бірақ оның айтуында; «р» әрпі түсіп қалғандай сезілетін.

Ертеден кешке шейін жүгіре-жүгіре шаршаған басымыз ерте тұрғымыз келмейтін, әйтсе де, түнде ұзақ отыру бізге ұнайтын.

Володя кешкіде қарны ашып келгенде:

— Мен удай ашпын, жүр, бірдеңе жеп келейік, — дейтін.

Сөйтіп, біз үйге жақын, «Бірінші сай» деп аталатын жидек, бүлдірген және қарақат, қалақайы қоса мол өсетін сайға аттанатынбыз. Тура бұтадан жемісті үзіп алып, нанға қосып жеп алатынбыз.

ГИМНАЗИЯ ТУРАЛЫ ӘНГІМЕЛЕР

Сол кездегі Симбир гимназиясындағы тәртіп бойынша Володя гимназияда француз және неміс тілін оқыды, бірақ Володя өте зеректігінің арқасында оған ешбір қыйналған емес.

Илья Николаевич осындай өте тамаша қабылеті бар Володя бәрін соншама оңай ұғып алатындығынан қорқып, еңбекке қабылеттілігін жетілдіре алмай жүре ме деп хауіптенетін еді де, өзі де Володяны мақтаудан бой тартып, өзгелердің де оны «асыра мадақтауына» жол бермейтін.

Гимназия жөнінде баяндай келе, Володя маған мынандай уақығаны айтты.

Жаңа тілдер сабағын өтерде негізгі және қатар кластарды бір класқа біріктіреді екен, сол кезде бір күні қатар кластың озат оқушысы (Пьеро деген болу керек) Володядан немісше аударманың сөздерін көшіріп алаын деп өтініпті.

— Ия, немене, сен бердің бе? — деп сұрадым мен.

— Әрине, бердім... Бірақ, сондай озат оқушыны көрсемші!

— Шыныменен, сенін сабақты дайындамай барған күнің ешуақытта да болып көрмегені ме? — дедім мен.

— Ешуақытта да болған жоқ және болмайды да, — деп кесіп жауап берді Володя.

Осы жасында да Володяның сөзі ісінен ажырап көрген емес. Ол гимназияның бірінші класынан ақырғы класына шейін ең бірінші оқушы болды және клас-тан класқа бірінші дәрежелі сыйлықпен көшіп отырды.

Аударған М. Әлімбаев.

Бірде, Горкиде біреулердің балаларын еркелетіп отырып, Владимир Ильич былай деді:

— Міне, мыналар бізден гөрі жақсырақ өмір сүретін болады, біздің өмірде бастан кешіргендеріміздің көбін бұлар сезбей өседі. Бұлардың өмірі онша қатал болмайды.

Сонан кейін, ол алыс қыяға, үлкен деревня ертеден жайлаған шоқыларға көз жіберді де, ойлы пішінмен алғашқы пікіріне мынаны жалғастырды.

— Әйтсе де, бұларға қарап мен өкінбеймін. Біздің буын тарихи мәні тамаша ғажап жұмысты орында шыға алды. Біздің өмірдің амалсыздан туған қаталдығының мәні де ұғылмақ, төлемі де қайтпақ. Бәрі де, бәрі де түсінікті болмақ!

М. ГОРЬКИЙ



В. И. Ленин атындағы мектепте

— Отрядтағы отыз бір пионер түгелдей ешбір екіліксіз оқуды ұйғардық. Бұл оңай міндет емес. Қыйын іс. Бірақ, бұл қыйындықты жеңуге тиіспіз. Өйткені, біз кішкентай емеспіз, пионерміз ғой!

Көріп отырсыздар, балалар, осы бір «Пионер» деген жалғыз ауыз сөзде үлкен сыр, терең мағна жатыр емес пе! 3 «А» класындағы пионерлер осы сөздің сырына жетік, мағнасына қанық. Сондықтан да, олар өздерінің сүйікті газеті «Пионерская правда» бетінде байтақ Отанымыздағы барлық достарына жоғарыдағы пікірлерін жазып, екіліксіз оқуға уәде берді.

Шынында да, бүкіл отрядтың тегіс екіліксіз оқуы бірден ойлағанға қыйын-ақ сыяқты. Дегенмен, Алматының Владимир Ильич Ленин атындағы 39-орта мектебі 3 «А» класс оқушылары түгел озат оқуға әбден болатындығын көрсетіп келеді. Бұл табысқа отрядтағы отыз бір пионердің бәрі бір кісідей ұйымшыл, дос, бір біріне шын қамқоршы болу арқылы жеткен.

Отрядтың бір мүшесінің қуанышына бүкіл отряд болып қуанады. Біреуіне кездескен қолдайсыз жағдай үшін бүкіл отряд болып ренжиді. Мұндайда сырттай ренішін білдіріп

қана қоймай, мәселен айталық сабақтан екілік алған немесе мектептің, пионер ұйымының ішкі тәртібін бұзған пионердің алдына мәселені қатты қояды.

Отряд вожаты, 7 кластың оқу озаты Люда Мягкова отряд пионерлері арасында болған мына бір оқыйғаны айтты.

Бұрын сабақты жақсы оқыйтын, тәртіпті пионер Софа Чуракова бір күні математикадан екілік алып қалды. Дәл сол күні, бұрын ұзақ уақыт сырқаттанып, ай жарымдай сабаққа қатыса алмаған Дина Попова да екілік алды. Бұл отряд үшін үлкен сәтсіздік еді. Тіпті, бүкіл бір тоқсан ішінде бірен-саран кездесетін екілігі құрғыр бір күннің ішінде екі оқушының желкесіне қонып алды. Пионерлер қатты қынжылды. Бір қызығы мынада: жақсы оқыйтын Софаның нашар баға алғанына жолдастары шын кейіп, оның алдына мәселені үзілді-кесілді қойса, сырқаттанғандығы себепті сабаққа үлгіре алмай келген Дина Поповаға дереу қамқорлық, жолдастық көмек көрсете бастады.

— Сенің, екілік алмау былай тұрсын, кілең бестікке оқуға күшің жетеді. Өзіңнің екілік алғаның барлық коллективіміздің ата-

ғына кір келтіретінін біле тұра, сабаққа неге әзірленбей келдің?—деді отряд советінің председателі Мила Ермолаева Софаға.

Миланың бұл сөзін класс тегіс қостап әкетті. Әншейінде сабырлы, ұстамды болып көрінетін кішкентай бөбектердің бойына ерекше бірыза, қызбалық пайда бола қалды да, Софа Чураковаға дүрсе қоя берді.

Коллективінің сырын жақсы білетін Софа пионерлердің қатты сөзіне ашуланбады, кемшілігін мойындап, оны тез түзеуге серт берді

— Кінә өзімде,— деді

Софа қысылғандықтан даусы сәл дірілдеп,— бүкіл отрядтың абройлы атына ұят келтірдім. Бұдан былай кластың, отрядтың абройы үшін күресемін. Сеніңдер, сеніңдер менің бұл сертіме!..

Зерек, ұқыпты Софа достары алдында берген сертін кешікпей орындады да, кілең «төрт», «беске» оқыйтын болды. Ол пионер ғой! Ал, пионердің сөзі мен ісінде айырма болмайды.

Жалғыз ғана қыйыны Дина Попова болды. Оған отряд советінің мүшесі Оля Сухорукова, Нина Ковалевалар үнемі көмектесіп жүрді. Тек Оля мен Нина ғана емес, басқа пионерлер де сабақтан бос кездерінде Динаның үйіне барып, түсінбеген такырыптарын түсіндірді, уақытты үнемді пайдалануды үйретті. Қысқасы, бұл кластағы пионерлердің бәрі де өздерінің білгендерін жолдасы Динаға үйретуге, ортақ күш жұмсап, оны өздерінің қатарына тенеуге, артта қалдырмауға тырысты.

Қандай жақсы қасиет, қандай ұйымшылдық десенші!

II

Пионерлер көп білуге, көп үйренуге, білімдерін молайтып, ой-өрістерін кеңейтуге құмар-ақ. Орталарынан бір пайдалы істің ұшқыны көріне қалса болғаны, бәрі көтеріп әкетеді.

Бір күні пионер Лиля Шелестева «Орыстың халық жұмбақтары» деген кішкене кітап

Ленин тұрған жерлерде болған сайын мен оны іздеймін де жүремін.

Кім білсін, мен оны өзім туған Мюнхенде кездестірген де болармын деймін әрдайым өзіме өзім. Ленин мұнда тұрған кезінде Изара жағалауында серуендеуді сүйеді екен. Сол кездегі сабақтас жолдастарымның ортасында «қарақшылар атаманы» болып жүгіріп бара жатып қолында кітабы мен қарындашы бар, көк сырлы скамейкалардың бірінде отырған Ленинді талай көрген де болармын...

Париждағы дүниежүзілік көрме кезінде бір соқыр кісінің әйеліне қояр да қоймай, мені совет павильонына, Ленин бюстіне ертіп апар дегенін тебіренбей оқу мүмкін емес. Лениннің қымбатты бейнесін мәңгі ойында қалдырмақ болып соқыр кісі қолдары дірілдеп оны рахаттана, мейірлене сыйпаумен болды.

ИОГАННЕС БЕХЕР

соңынан бір топ пионер кітапты қызыға оқып отырды да, біреуі:

—Тіл үйренуге, тапқырлыққа жетілуге көп пайдасы бар екен,—деп еді, екінші бір пионер:

— „Орыстың халық жұмбақтары“ деген жыйын өткізсе қалай болар еді? — деп өз ойын айтты.

— Дұрыс айтасын, оған пионерлер қызыға әзірленер еді және өте көп нәрсені білуімізге көмектесер еді,— деді Лилия Шелестева.

Келесі күні пионерлер бұл ойын отряд вожатыйы Люда Мягкова мен мұғалімдері Ва-

лентина Ивановна Перепелицаға айтты. Бұл пікірді олар да ұнатты. Тіпті, Валентина Ивановна жыйынға әзірленуге өзінің көмектесетінін айтқанда оқушылар тіптен қуанды.

Жыйынға отрядтағы үш звеноның үшеуі де қызу әзірленді. Жыйынға мұқият әзірленуге пионерлерді қызықтырған да, жігерлендірген бір жай жыйын кезінде берілген жұмбаққа қай звеноның пионері тез және дәл жауап берсе, сол звеноға ұпай тиетіндігі болды. Солай болғандықтан әр пионер өз звеносының намысын қорғауға тырысты.



Кесте тігушілер мектеп көрмесіне экспонаттар әзірлеп жатыр. Солдан оңға қарай Люда Ковалева, Вика Өтепова және Мила Ермолаева.

Суретті түсірген П. Редько.



Гая Ерoхина мен Ержігіт Есеновтың Ленин—Сталин мавзолейінің моделін жасаған кезі.
Суретті түсірген П. Редько.

Жыйын жұмбақтарға жауап табумен ғана шектелген жоқ, онда ұлы орыс тілінің ұшан теңіз байлығы, өткірлігі, тазалығы, тағы басқа сондай тамаша қасиеттері әңгіме болды. Ұлы ғалымдардың, жазушылардың орыс тілі туралы айтқандары да еске алынды. Бұл жөнінде, әсіресе, Валентина Ивановнаның әңгімесін пионерлер өте қызыға тыңдады.

Білімдерін арттыруда жақсы өткізілген жыйынның пайдасы көп екенін пионерлер бұрын да жақсы білетін-ді. Ал, мына соңғы жыйынан кейін олардың бұл ойы тереңдей түсті. «Орыстың халық ертегілері» деген тақырыпта жыйын өткізу жөнінде ұсыныс жасалды. Кейіннен бұл жыйын түрінде емес, «Ертегілер кеші» болып өткізілді.

— Пионерлердің өздері ойлап тауып, өздері жүзеге асырған мұндай шаралар, — дейді Валентина Ивановна, — оларды творчестволық еңбектенуге, коллективтік қызмет атқаруға баулайды, екіншіден, білімдерін байытады, көп білуге, көп үйренуге ынталандырады. Мәселен жоғарыда аталған сыяқты жыйындар мен кештерден кейін оқушылардан сабаққа үлгі-

рімділігі артқандығы, әсіресе, оқудан, оқығандарын дұрыс баяндап беруден, айтайын деген ойын дұрыс сөйлеп ұғындырудан әлдеқайда алға басқандары байқалады.

Бұл жайлар кластың сабақты тегіс үлгіруіне себепші болуда.

III

Отряд советінің председателі Мила Ермолаева, пионерлер: Вика Өтепова, Лиля Шелестевалардың атына шағын ғана хат келді. Конверттің сыртындағы адресі өздері сыяқты кішкентай бөбектердің ұқыпты қолымен жазылған. Бірақ, жазудың көп әрпі не орыс, не украинна, не белорусс, не қазақ альфавитіне ұқсамайды.

Пионерлер хатты ашып, оқымақшы болып еді, сөздеріне түсіне алмады. Бөбектерге көмекке Валентина Ивановна келді. Хат поляк тілінде жазылған екен. Оны жолдаған поляк халық республикасының астанасы Варшава қаласындағы 81-орта мектептің 3-класс оқушылары.

«Біздің советтік достарымыз, ұйымшыл отрядтың пионерлеріне!» деп басталған хат.

— Міне, қызық, біздің отрядты, тіпті біздің пионерлердің атын олар қайдан біледі екен? — десті пионерлер әрі қуана, әрі таңдана сөйлеп.

— Аиана, «Пионерская правда» басылған „Ұйымшыл отряд“ деген мақаладан оқып білген ғой, — деп түсіндірді Валентина Ивановна пионерлерге, — көрдіндер ме, сендерді сүйікті Отанымыздағы ғана емес, шетелдердегі достарың да біледі екен.

Бұл сөз пионерлерді үлкен ойға қалдырды. „Пионерская правда“ газетінде „Жақсы оқыймыз“ деп жазып едік-ау. Біздің бұл уәдемізді тіпті шетелдердегі бауырлар да біледі! Қалай орындап жүрміз бұл сертімізді?...

Берген сертіне берік болу, айтқан сөзінде

Лениннің қайтыс болуынан екі күн бұрын, кешқұрым мен оған Джек Лондонның «Өмірге құштарлық» деген әңгімесін оқып бердім — осы әңгіме оның бөлмесінде әлі күнге дейін жатыр. Ол өте күшті нәрсс. Жан баспаған, қар жамылған жапан дүзде, аштықтан өзегі талған өлімші ауру адам үлкен өзеннің пристанына қарай жылжып келеді. Әлі біткен ол жүріп келе жатқан жоқ, құр еңбектен келеді. Аштықтан бұралған бір өлімші қасқыр да онымен қатарласа жылжыйды, екеуінің арасында арпалыс басталған, адам жеңіп шығады шала жансар, естен танған кісі сөйтіп мақсатына жетеді. Бұл әңгіме Ильичке қатты ұнады. Келесі күні «Лондон әңгімелерін» оқый түсуді өтінді. Бірақ Джек Лондонның әңгімелері бірі жақсы болса, екіншісі нашар болып келеді ғой. Келесі әңгімесі мүлдем басқаша болып шықты — буржуазия моралін үгіттейтін бірдеме екен...

Ильич шексілесі қатып күлді де, қолын бір-ақ сілтеді.

Бұдан кейін мен оған ештеме оқый алғаным жоқ...

Н. К. КРУПСКАЯ

тұру — пионердің бойындағы ең жақсы қасиеттердің бірі. Мұны Лиля да, Вика да, Мила да, олардың кластас жолдастарының барлығы да жақсы біледі. Пионерлік сертерін бұлжытпай орындау үшін күресетіндіктері, ол туралы әрқашан да ойлап жүретіндіктері де сондықтан...

Варшавалық достарға жауап хат жазу керек. Бірақ, бұл хаттарында олар не айтпақ? Өздерінің ойынша, оқуларында да, пионер жұмысында да ешқандай өзгеріс, ауыз толтырып айта қоярлықтай табыс жоқ сияқты.

— Бұлай ойлауларың дұрыс емес, — деді аға пионер вожатый Люба Коновалова, — сабаққа үлгірімде де, тәртіпте де сендердің отрядтарың бүкіл дружинада бірінші орында. Ең бастысы — оқу болса, бірде-бір екіліктерің жоқ. Бұл жетістік емес пе? Міне, осы табыстарға қалай жеттіңдер, соны жазыңдар.

Ұйымшыл коллективтің өнегелі істерін аға пионер вожатыйдың бұлай бағалағанына отряд қатты қуанып қалды. Олар хат жазуға ұйғарды.

«Варшавалық достар, ұлы көсеміміз Владимир Ильич Ленин біздерге «оқу, оқу және оқу керек» деп үйретті. Мұны бұлжытпай орындау — біздердің әрқайсымыздың ең ардақты борышымыз...» деп бастады пионерлер хатын. Бұдан кейін олар өздерінің оқуын, отрядтағы сан алуан қызықты жұмыстарын, бақытты балалық өмірін жазды.

Отряд көп жермен байланыс жасап тұрады. Олар халықтық демократия елдері — Қытайдың, Польшаның, Чехословакияның, Болгарияның, Венгрияның, Албанияның пионерлерімен хат алысады. Москвадан, Ленинградтан, Киевтен, еліміздің басқа да қалаларынан көптеген хаттар келеді. Быйылғы январь айынан бергі уақыттың ішінде ғана бұл класқа жүзден аса хат келді.

Ұйымшылдық, пионерлік қатаң тәртіп, өзара көмек отрядты жақсы оқуға жеткізді. Коллектив күші қойсын ба, Дина Попованы да өз қатарына қосып, сабаққа үлгіретін етті. Енді бұл класта екілік алып, коллектив атына кір келтірушілер жоқ. Класс оқу жылын екіліксіз аяқтап, тегіс төртінші класқа көшуге жұмылуда. Ұйымшыл отряд бұл мақсатына сөзсіз жетеді.

Ғалым Хателов.

Алматы, В. И. Ленин атындағы
39-мектеп.



Қазақстан Пионері

Балалар!

Күнде таңертең почта тасушы сендердің үйлеріңе, мектептеріңе жаңа газет, журнал апарды. Сендер оны асығыспен күтіп, газет пен журналда не жаңалық барын білуге құмартып отырсыңдар. Міне, сендердің қолдарыңа «Қазақстан пионері» газеті тиді. Сен оны асығыс алып, оқый бастадың. Онда өз мектептеріңнің өмірі жайлы, өзіңнің озат достарың туралы мақала басылыпты. Осы мақаланы қуанышпен оқып шығып, енді сен мектептегі соңғы жаңалықты хабарлауға — газетке жаңа мақала жазуға отырсың.

Міне, оқушы мен пионерлерге арналған газет «Қазақстан пионері» арасындағы достық осылай өсе, нығая береді. Газет — сенің сүйікті досыңа айналады.

Сендердің осы сүйікті газеттерің «Қазақстан пионері» быйылғы март айында 25 жасқа толды.

Ұлы Октябрь Социалистік революциясынан бұрын Қазақстанда балаларға арналған газет те, журнал да болған емес. Тіпті, олар ана тілінде оқыйтын мектеп те жоқты. Мұның бәрін біздің балаларға совет өкіметі берді.

Бұдан 25 жыл бұрын Бүкілодақтық Лениншіл Коммунист Жастар Одағы Орталық Комитетінің ұйғаруы бойынша Қазақстанда балаларға арналған бірінші газет ұйымдастырылды. Оның бірінші номері 1930 жылдың 14 мартында шықты. Газет — «Пионер» деп аталды.

Балаларға арналған газеттің бірінші номерінің шығуы — Қазақстан пионер ұйымдарының өмірінде елеулі кезең болды. Газет бетінде оқушы пионерлер өзара пікір алысып, тәжірибелерін ортаға салып отыратын болды. Оқуда артта қалушыларды сынады. Қазақстан ақын-жазушыларының балаларға арналған шығармалары да пионерлерге алғаш осы газет арқылы жетті.

1937 жылдан бастап мектеп оқушыларына арналған бұл газет «Октябрь балалары» деген жаңа атпен шыға бастайды. Қазір ол «Қазақстан пионері» деп аталады.

Шыға бастағанына ширек ғасыр толған осы уақыт ішінде «Қазақстан пионері» газеті ҚЛКЖО Орталық Комитетінің айбынды органына айналды. Пионер мен мектеп оқушылары коммунистік рухта тәрбиелеуде бұл газеттің істеген істері орасан көп. Ол балаларды Отанын сүйе білуге, коммунистік партия ісіне адал болуға, тәртіптілік пен принциптілікке, ерлік пен алғырлыққа баулып келеді.

«Қазақстан пионерінің» авторлары да, жас тілшілер тобы да газеттің 25 жылдық мерекесін зор қуанышпен қарсы алды. Олар газеттің бұдан былай да белсенді жұмыс істеп, пионерлерді коммунистік партияның ісі жолындағы күреске әрқашан да дайын болуға үйрететіндігіне сенім білдіреді.

53

25

1930



Ауа райы ұдайы жаймашуақ жылы боп тұрып, 15-ноябрь күні кенет жауындата қалды. Осы жауын Қабышқа өте-мөте жағымсыз тиді. Онысына аспанды тұтаса қаптаған бұлт та, ертеңгісін шелектеп құйған жаңбыр да, тіпті өзінің мамасы да кінәлі емес еді.

Қабыштың сабағы түскі сағат екіде басталатын. Осы кезде күн ашылып, жер лайы кебе бастады. Қабыш мектебіне әзірленді. Аяғына жаңада алынған ақ брезент әдемі туфлиіне кие бастап еді, мамасы келекелей сөйлеп:

— Өй жарастың-ау, сәнқойым. Бүгін осы дәл ақ туфлидің күні еді,— деді жымыйып.

— Не? Ең болмаса бір күн кимейміз бе?

— Қигенде кезінде де. Сен былай көшеге карасайшы.

— Көше не? Фи, лайы кеуіп кеткен. Бәрі құрғақ.

— Болды, жұқа пальтонды, анау жатқан етігің мен галошыңды ки. Суық тиіп тағы бір түн әндетпекшісің ғой. Жетер сол да, қанағат.

Қабыштың қабағы түсіп кетті. Бұдан бір апта бұрын тісі ауырып, түні бойы жылағаны есіне түсті. Осынысын біреу ескерте қойса, ыза қысып қыңырлана қалатын. Бірақ, қазіргі реніші ол емес, ақ туфлиді кигізбегендік еді.

— Ұялмай кесірлене қаласың-ау,— деді мамасы,— саған біреу қастық ойлап па? Жасың онға келді, жігіт болдың. Өзің де енді жақсы, жаманды білуің керек қой.

Қабыш бір сәт бұртыйып отырды да:

— Ең болмаса бүгін киейін, мама ә? Тіпті былғамайын,— деп жалына бастады.

— Жаксы енді, кие ғой,— деді баласының көңілін қыймай,— бірақ осы тілазарлығыңнан пайда көрсең не дейсің...

Қабыш мектебіне кетті. Жолшыбай өзімен бірге оқыйтын үшінші кластың үш баласы

кездесті. Олар күндегіден едәуір жылы киінген. Кейбірінің басында құлақшыны, мойнында түбіттен шарпысы бар. Бәрі де галошымен ботинка киген. Қабыштың ақ туфлиіне таңырқап:

— Ау, Қабышекен бәле бұл,— деді біреуі.

— Сен жымыңдама,— деді екіншісі,— саған сөйлеймін деп туфлиің былғап алар... Ентелемей кейінде жүрсейші.

— Әдеп, әдеп,— деді үшіншісі қутындай сөйлеп,— оның ойын бөлуге болмайды ғой. Тыс-с-с... үндемендер.

Қабыш мұндай қағытпа сөзді өзі де айта-тын. Айтқанда кейбір әзілі ине сұғып алғандай ащы болатын. Сол себепті де осы естігендеріне аса көп ренжіген жоқ, тіпті мығымсынып жымыйып, жөткірініп қойды. Не де болса, ақ туфлидің ерекше көзге түскеніне, көшедегі кісілердің назар аударып, жымыйып өткеніне риза болып жүре берді. Мектепке келгенде де оған балалар түгіл мұғалімдер де көз салды. Оларда біртүрлі көңілділік лебі бар. Әттен, мамасы осыны болжай алмай... Ылғый бір ақыл айтқан боп...— Әй, үлкендер-ай,— деді ол ішінен.

Сабақ күндегі дағдымен өтіп жатты. Оқушылар да күндегідей тым-тырыс сабағын тындауда. Мұғалімдер де өзгере қоймапты. Ауа райы да өз қалпында... Бәлкім, бұлт қалындап, не жел күшейіп, немесе таңертеңгідей нөсер жауын төніп қалмағанын кім білсін... Қабыштың бұл жағымен ісі болмады. Тек соңғы сабақ үстінде нажағай жарқ етіп, күн күркірей жөнелгенде селк етіп, терезеге қарады. Сырттағы жапырыла ұйтқыған ағаштар, терезеге сатыр-сұтыр соғып, әйнегін жуып өткен жауын «оһ, ақ туфли былғанды» — дегенді еріксіз еске салды. Енді қайтпек? Мамасына не демек?..

Бұдан кейін Қабышта береке қалмады. Не оқып, не тындағанын өзі де білген жоқ... Қастаса қалғандай жауын да өрши түсті. Тамшыларын көлбей төккен кара бұлт тұманданып төмендеп барады. Осыны көріп басқа балалар тамашалай қалыпты. Олар «туһ, құя салды-ау», дегендей бір-біріне таңдана, әуестене қарасады. Бұл Қабыштың ашуын қоздырды. Оның үстіне жолдағы көлденен көшенің тайғанак беткейі көзіне

елестеді. Ол маңай саздауыт. Кең ойына көбіктеніп су жыйылатын. Оның да айналасы іркілдеген қойыртпақ қой...

Сабақ біткен соң мектеп балалары у-шу боп сыртқа беттеді. Қабыштың қасында отыратын жолдасы шын ниетімен жаны ашығандық білдіріп:

— Сен біздің көшемен жүр. Оған тас төселген таза ғой,— деді.

Қабыш үндемеді. Басқа жолдастары да түрлі ақыл айтты. Бірақ «Ой, ештеңе етпейді» — деп сыр бермегенсіп қасарысып бақты. Осынысын ұнатпаған балалар:

— Әй, Қабыш-ай...,— деп тарасты.

Күн жауып тұрса да, көше халқы аз емес еді. Солардың ішінде аяғына желімдей жабысқан сұйық лайды жирене кешіп Қабыш та бара жатты. Тегінде ақ туфли табанда тоза да қоймас, кірі де жуылар-ау... тек өзінің осы бір қыңыр мінез, қылығы... Қабыш үйіне жақындаған сайын ойы мың құбылды. Көңілдің бұрынғыдай күйі де жоқ. Кім кінәлі? «Тіл алмай кесірленіп ең, сондағы тапқаның осы ма?» — кінә артқан осы сұрағымен мамасы оның көз алдына елестеді де тұрды.

Қызылорда қаласы.

„Еңбек сүйгіштер“

Іші пысқан қанден бірсыпыра уақыт аунап жатты да, түрегелді. Ол дәл өзіндей болып жатқан көрші үйдің төбетінің жанына келіп шоңқайып отырды да:

— Ей, көршім,— деді,— бұлай қарап жатқанымызша біз де адамға бір пайда тигізейік те.

— Не істемекпіз, сонда? — деп керілді төбет.


... Екеуі «не істеу» турасында көп ойланды.

— Таптым,— деді бір уақытта төбет басын көтеріп алып,— біздің үйдің ығынан өтетін жолдың үстінде бір тастың жоны көрініп жатыр. Сол тасқа соғылмай өткен арбаның доңғалағын мен әлі көргем жоқ, жүр, соны аударып тастайық.

— Жүр,— деді қанден.

Екеуі жолға келіп, тасты орталарына ала отырысты да, есінеп, бастарын сілкілесті.

— Мен иеме ылғый болысып тұрамын,— деп сол жерде қанден сөз бастады,— әнеүгүні иемнің үлкен баласы екеуіміз таудан ағаш та алып келдік.



— Мен құдайдың құтты күні иемнің әйелімен бірге суға барамын,— деді төбет.

... Пар ат жеккен арба даңғырлап, кенет келіп қалды. Жол үстінде отырған екі ит екі жаққа қарай қаша жөнелді. Доңғалағы тасқа қақтыға арба өте шыққанда «әне, көрдің бе?» дегендей екі ит біріне бірі жалт қарасты да, қайтып бас қоспай, әрқайсысы өз үйлеріне тарасты...

Ал, тас әлі сол орнында жатыр дейді.

Айтыс

Бір күні қаламдар бас қосып, өзді-өзін мақтап айтысыпты.

— Мен! Мен пайдалымын адам баласына,— дейді қауырсын қалам,— мен болмасам, өткен ғасырлардың сыры бұл күнге жетпес еді.

— Сонда мені қайда қоймақсындар,— деді жай қалам,— қызыметім қауырсын қаламдай болғанмен, одан берікпін, мұқалмаймын.

— Бәрінен де мына мені айтсандаршы,— деп кеудесін соқты автоқалам,— бір рет сыға тойып алсам болғаны, ештеңе сұрамай бір апта жаза беремін, жаза беремін. Әне, мен қандай пайдалымын адам баласына.

— Айтысты қойындар,— депті кіршіксіз ақ қағаз басу айтып,— тегі, әркім өз заманында жүйрік болар...

Әр қалам өз әлін біліп жым бола қалыпты.

Қалмұқан Исабаев.

Сырғанақта

Қішкентай Мұрат қол шанасын сүйретіп, көшеге жүгіре шықты. Олардың үйінің сыртында, жап-жақын жерде бір биіктеу дөң бар еді. Ол қазір кәдуілгідей сырғанаққа айналып қалған. Шанамен төмен қарай ағыза жөнелгенде тек мықты бол!

Бірақ, Мұрат қорқақ бала емес. Қаласа дөңнің ең биігіне шығып алып, сырғанауға да бар. Жығылсаң, борпылдақ омбы қарға күмп ете қаласың. Мұныңды тек Әстай көрмесін. Өмірі қыр соңынан қалмайды. Жолыққан сайын:

— Олжаңнан ортақ. Аузыңды қарға бір толтырған боларсың. Тәтті ме екен? — деп ол мазақтайды да жүреді.

Дөң үсті бүгін де көңілді еді. Бала дегенін сыймайды. Кейбіреулері, тіпті, шаңғы, конькимен келіпті. Мұрат солардың арасынан Әстайды бірден таныды. Ол етектегі әлдекімге айғайлап тұр. Малақайын бұлғап, жұдырығын түйіп қояды. Мұратты көре салып мақтана бастады.

— Өзіміз шана сүйретпедің әдісін таптық,— деді ауыр шананы өрге қарай қос қолдап сүйреп келе жатқан баланы негімен нұсқап,— мынау мен сырғанап түскен шананы үш рет жоғарыға алып шығады. Төртінші ретте өзін сырғанатамын. Немене, оған жаман ба? Шанасы болмаған соң...

— Бұл — дұрыс емес. Екеуің кезектесіп сырғанауларың керек,— деді балалардың бірі.

Әстай оған дүрсе қоя берді.



— Ақылына болайын. Жаның ашыса, бере қойшы, кәне, шананды.

— Несі бар. Берсем беремін.

Осы арада басқа балалар да шуылдасып кетті.

— Әстай, сені мектепте бұлай үйретпеген болар.

— Үшінші класта оқыймын дейді-ау...

Әстай қызараңдап қалды. Қолын бір-ақ сілтеді де, шанасына етбеттей жатып алып сырғанап кетті.

Кенет, дөңнің үстінде тұрған балалар ду қатты күлісіп жатты.

— Ал, мақтан! Ал, мақтан!

— Тағы да байқаусызда ма?..

Әстай күрткік қарды омбылай түрегелді. Үсті-басы аппақ. Бет-аузына дейін қар. Бос шана етекке қарай ойнақы жүйткіп барады. Әстай үстінің қарын қаққан болып жүр. Ауық-ауық жоғарыға қарап, шанасын сүйретуші балаға қолын бұлғап қояды.

— Мұнда кел, енді үшінші кезекте сен тебетін боласың.

Бала жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап алып, енді қозғала беріп еді, оның жеңінен біреу тартып қалды.

— Барма! Бізбен-ақ кезектесіп сырғанайсың.

Осы кезде шанасына жайғасып отырып жатқан Мұрат:

— Менің шаңам үлкен. Кел, екеуіміз де сыямыз, бірге сырғанаймыз,— деп дауыстайды...

Лұхман Шуашбаев

Талдықорған.

Түлкінің амалы

Сол күні таудың басын тұман басып, қырбық қар жауды. Мен аңшылықтан үйге қайтып келе жаттым. Ақсайдың Наршөккен деген кезеңінен астым. Алдымдағы сайдың төменгі алқасына шыққан бес-алты алма ағашының үстінде бір-екі топ қарға мен сауысқан шүйіліп жүргенін көзім шалды.

Ойымда ештеңе жоқ еді, бұл не екен деп дүрбіммен қарап ем, шеттеу тұрған жал-

ғыз ағаштың түбінде бірнәрсе қарайғандай болды.

Жақындаған әлгі қарайған өлген қасқыр, не болмаса түлкіге ұқсайды. Бұлардың біреуі дейін десем, өлексеге қонған сауысқан мен қарға да көрінбейді. Жанды дейін десем қарғалар, сауысқан шықылдап, ол жақпен бұл жағынан жоғары, төмен ұшып-қонып жатқанын да елең етпеді, тап сол мез-

гілде мылтығымды онтайлап, бір ағашты паналап, оқ жететін жерге мен де таяндым.

Дыбысымды шығармай, келгенімді де, тұрғанымды да сездірмей қызығына қарадым. Қарасам, түлкі-екең ағаштың жанында шалқасынан түсіп жатыр, ешнәрседен қапері жоқ. Анда-санда алдыңғы екі аяғын талпынған жас баланың қолдарынша аспанға кезек-кезек көтеріп қояды. Кей кезде екі көзін бірде ашып, бірде жұмады. Басын ешқайда аудармай, тұмсығын сәл көтеріп, демін ішіне тартып иіс алғандай болады. Қарға мен сауысқанның жақындаған сыбдырын сезгенде өлген болып, қыймылдамай қалады.

Бір мезгілде маңындағы шықылықтап жүрген екі сауысқанның батылсымақ біреуі ақырындап жылжып келіп, басына секіріп шыққанда, түлкі екі аяғымен қысып қалып,

аунап түскенде, қу сауысқан жылп етіп аяғының арасынан шығып ұша жөнелді. Мен сол кезде бар даусыммен қатты күліп жібердім, құс атаулы дүрліге ұшты, әлгі жатқан түлкі атып тұрып, бар дәрменімен қаша жөнелді. Бұған оқ шығарғанша ұстап алайын деген оймен қуып бердім. Түлкі де тым көп ұзамай-ақ етбеттеп жата кетті. Қолымдағы шылбырды мойнына күрмеп байлап, жетектеп алып келдім.

Қолхоздағы атакты қарт аңшы Алдабергенге әкеп көрсеттім де, болған оқыйғаны айттым. Қарт аңшы түлкіні көріп отырып:

— Аузында бір тіс жоқ, қартайған. Сіңіріне іліге арыған. Тышқан аулауға шамасы келмеген соң, бұл да бір күн көріп аштан өлмеу үшін істеген айласы екен,— деді.

Н. Алдаберген

Мақтаншақ бала

Сөз бермей өзгеге,
Лепіріп еседі.
— Шанамды жасаған
Көріңдер кешегі.
Сырғанақ тебемін
Зырлатып, зулатып.
Озып-ақ келермін,
Бәрінді қуантып.
Өрмелеп жөнелді
Өріне ақ таудың.
Көрдік біз төменге
Жұлдыздай аққаның.
Мақтаншақ баланың
Қыйрады шанасы.
Сырғанап жеткені
Орта жол шамасы.
Етекке жыйналды
Топ бала қайыра.
Мақтаншақ баланың
Көз салды жайына:
— Тым қатты зулатып,
Құладым шанадан.
Тоқтауға тік қыя
Келтірмей шамадан.
— Табаны аман ба?—
Дегенде бір бала,

— Неге ол сынады,
Емес пе су жаңа? —
Деп о да танбады
Бетінен, сөзінен.
Бірақ та жанбады
Қуаныш көзінен.
Тағы да топ бала
Қыяға өрледі.
Мақтаншақ өзгеден
Көп бұрын терледі.
Мақтаншақ бала әлгі
Ақтады шанасын.
— Тас қақты,— деді ол,
Қалайша нанарсың.
Балалар жымындап,
Өзара күлісті:
— Жоқ тасты тауыпсың,
Тегіс қой жер үсті.
Басқандай бетіне
Мақтаншақ қылығын.
Балалар жыйнады
Шананың сынығын.
Тегінде бос мақтан
Қыйраған шанадай.
Сүйкімсіз жан бар ма
Мақтаншақ баладай.

Қ. Боранбаев.
Қарағанды.

ҚҰМЫРЫСҚА МЕН ҚАНДАЛА

Көтеріп өзінен де үлкен затты,
Құмырысқа илеуіне келе жатты.
Кез келіп қарсы алдынан бір қандала
Сақылдап маз-мәйрам боп күлді қатты:
— Бойыңда жетпесе де қайрат-күшің,
Азап қой әрқашан да істер ісің.
Болғанша босқа арам тер, бар ғой сенің
Икемді қан соруға өткір тісің..
Құмырысқа бөгелместен жауап қатты:
— Қан сорып бола алмаймын жаманатты.
Еңбекпен тауып жеген жалғыз дәнім,
Татыйды таңдайыма балдан тәтті.

БӘКІШ ТҮЯҚБАЕВ.

Владивосток.

ШЫҢ БАСЫНДАҒЫ ОЙ

Белестер қалды артымда,
Жоғары өрлеп барамын.
Жетіп бір кез қар шыңға,
Биіктен төмен қарадым.
Ғылым мен ой — биік шың,
Биік ой бәрін көреді,
Шың басында соны ұқтым,
Биікке шыққым келеді.


БАҚТЫЯР ӘБІЛДАЕВ.

Баяхметтің мақтаньшы

Очерк

— Ертеңнен бастап өз бетінше жұмыс істейсің. Бір станоктың қожасы енді өзің боласың,— деді бірінші механика-жыйнау цехының аға мастери Сергей Хачатурян. Ол сұңғақ бойлы, жүзі сопақша келген адам еді. Үлкен қоңырқай көздері күлімсіреп, қуана жымыйып тұрып, жалпақ алақанымен жас жігітті арқасынан қақты.

— Бір станок өзіме жеке тисе екен деп асығушы едім. Шынымды айтайын, енді жүрексініп тұрмын... Сіз шынығызды айтыңызшы, бір станокті бір өзім меңгере аламын ба? — деді Баяхмет Баишев көңіл толқынын сездірердей сәл дірілі бар үнмен. Ол орта бойлы, дөңгелек жүзді, қараторы бала еді, нұрлы қара көздерін мастерге салмақпен аударып жауап күтті.



Баяхмет токарь станогінде енді жұмысты өздігінен істеп жүр.

Суретті түсірген П. Редько.

— Әрине, меңгересің. Қолыңнан келгенде қандай! Сен енді нағыз токарьсің! — деді мастер.

Бұл сөзге екеуі де күлімсіреді. Мастер жас азаматтың мамандық алып, нағыз еңбек иесі болғанына қуанды. Ал, Баяхмет...

Оның қуанышының тіпті шегі жоқ секілді көрінді. Осыдан үш-төрт ай бұрын ол завод деген атауды ғана білетін көп баланың бірі еді. Орта мектепті бітіргенмен, алып заводтың ішіне бұдан бұрын еніп көрмеген-ді. Шынында да қайтып еңсін, Қостанай облысының бір қыйырындағы өзі туып-өскен Ақсуат ауданында ешқандай завод жоқ. Баяхмет онжылдықты сол жерде бітірді. Бірақ, ол завод сырына сырттан қанық еді. Бұл жөнінде өзі қызығып оқыған көп-көп кітаптары бар. Демалысқа келген завод жұмысшыларының әңгімесін сан рет тындап та көрген. Соның бәрі оны өзіне еліктіріп, жас көңілін тербететін. Ұшқыр қыял шырқап биікке көтеріліп, қанат жазып қалықтап барып, Баяхметті дәл заводтың төріне әкеліп, кейде қондыра да қоятын. Қыялы оған ғажайып станоктың тұтқасынан ұстатып, әсем бір бұйымдарды жасатып та көрген. Сол шағында Баяхмет өзін дәл токарьдай сезініп те қалатын. Расында, ол токарь болуға ынтық еді.

Алматының ауыр машина жасау зауытының директорына өтініш жазғанда, Баяхмет осы құштарын қағазға алдымен түсірді. Ол заводқа үйренуші ретінде алынды. Әуелі озат токарьдың қасында еңбек тәжірибесінде болды. Әр алуан станок түрімен, сан қыйлы жұмыс тәсілімен танысты. Үлкен цехқа алғаш келіп енгенде қайран болып, қақпа алдында аңқылып тұрып та қалып еді. Қатар-қатар тізілген станоктар әуені бір-біріне ұласып, өкпінді бір күйді шалқыта тербегендей сезілді оған. Өредегі темір жолмен жүк көтергіш кран гуілдеп жылжып барады. Үп-үлкен болат белдікті алқымынан іліп көтеріп алыпты. Баяхмет ілгері аттап қалса-ақ сол жүк оның төбесіне түсіп кететіндей. Баланың құлағы да бітіп қалғандай, буыны да дірілдегендей. Мұндай халде көз де жауғаңдағыш болады ғой. Жұмысшылар саған қарап жымыйып күледі де. Мұнысы— таңырқай мысқыл еткені емес, сені көріп өздерінің де

заводқа тұңғыш келген шағын естеріне алып, қызыға, құмарта қарағаны. Бірақ, саған бәрібір, өз-өзіңнен қысыласың, қызарасың. Осы көңіл күйін цехқа алғаш келгенінде Баяхмет те бастан кешті. Содан бері арада не бары тоқсан үш күн ғана сырғып өтті. Енді ол мүлде өзгеріп, есейіп қалғандай. Бұрын ғажайып көрінгеннің бар мәнісі қазірде өзіне жақсы қанық. Цех үйіндей болып кетті. Өзі сын тапсырып, үшінші разрядты токарь деген құрметті атқа ие болды. Нағыз еңбек осыдан кейін басталды.

Мастермен сөйлескен күннің ертеңіне Баяхмет цехқа смена ауысардан көп бұрын келді. Өзіне жүктелер істің жайымен алдынала жіті таныса бермек ойында бар еді. Жас жігіттің бұл ойын көзінен оқып танып қойғандай Сергей Хачатурян оны көрген бойда:

— Дәл келдің. Бүгінгі жұмыстың нарядын осы қазір ғана алып тұрған бетім еді. Кел, өзіне тиесісімен таныса бер, — деді жайдары үнмен.

Ол Баишевті өз кабинетіне ертіп барды.

— Біздің завод қытай металшыларына жөнелтілетін машиналарды жасап жатқанын өзін де білесің ғой. Мынау чертеждегі алты қырлы гайка — сол машинаның бір тетігі. Осыны бүгін сен жасайсың, — деді аға мастер жас токарьға.

Баяхмет чертежге үнілді. Қағаз бетіндегі әр нәзік сызықтың терең сыры бардай. Жас токарьдың көздері күлім қақты.

— Қалай, түсінікті ме? — деп сұрады Хачатурян.

— Я! — деді Баишев жымыйып...

Енді бір азда ол токарьлық станоктың алдында тұрды. Жұмыр кесек темірді айналмалы ұршыққа нық бекітті де, болат бұрғылы жылжымалы тетікті оның тап алдына дәлдеп сырғытып қойды. Токарь станоктың үстіңгі тұтқасын өзіне қарай тартқанда, электр қуаты жүрегіне жүгіріп келген айналмалы ұршық зырыл қақты. Баяхмет келесі дөңгелек тұтқаны оң жағына бұра берді. Бұрғы ұшы шымыр темірге тиді. Жас токарь қабағын сәл шытынып, болат бұрғының ізіне қадала қарай қалды. Өз бетінше жасаған бірінші тетігінің сапасы қалай болар екен?

2

Токарьлық станокпен жұмыс істеу үшін ептілік те, тездік те керек. Көзін сәл ғана тайып, қолын мүлт етсе, ісіңнен ақау шық-



Мастер Сергей Хачатурян Баяхметті токарь станогінің жұмысымен таныстырып тұр.

Суретті түсірген П. Редько.

қаны, зырылдап тұрған ұршықтар не өзі бүлінеді, не жасап жатқан бұйымды бүлдіреді. Абайламаса, тіпті токаріне де зақым етуі мүмкін ғой. Кіп-кішкене тетікке жалғыз таңба түсірудің өзіне ғана қаншама сақтық, қырағы дәлдік керек десеңші!

Станогінің бір жері сырт ете қалғанда, Баяхмет оны дереу тоқтата қойды. Станоктің әр тұсын сығалап қарап еді, бүлінген ештеме көрінбеді. Көңілге келген күдік те іле тарқап жүре берді. Станок әуеніне қайыра басты.

Баяхмет гайканың қырларын жонуға кірісе беріп еді, сырт еткен дыбыс бұл жолы құлағына ап-айқын естілді. Ол станокты тоқтатып қарағанда, жонғыш тетіктің өткір жүзі нақ ортасынан кетіле сынғанын көрді. Жас токарьдың қызара балбырап тұрған өңі біртүрлі құбылып кетті. Бұрқ етіп маңдайдан тер де білінді. Әлі бір гайка жасамай жатып бүлдіріп алғанына қыйналып өкінгендей. Өзі станокқа сүйеніп үнсіз қатып тұрып қалды.

Мастер оны сыртынан байқап қойып жүр еді. «Сірә, бірдемені сындырып алған-ау», — деп ойлады ол. Бірақ, өңінде кею ізі жоқ еді.

— Асықпау керек. Әр істің өз бабы бар. Мына ақауың — тек орынсыз асығудың салдары, — деп ескертті мастер жас токарьға. Ол кетік жонғыштың орнына жанасын ауыстырып әкеп берді де, сәл жымыйып:

— Қалай, жүрегің лүпілдей ме? — деді Баяхметке.

— Күдік көп, — деп жас жігіт шынын айтты.

— Ештеме етпейді, әлі күдік те тарайды, сенім де нығаяды,— деді мастер.

Баяхмет үстінгі тұтқаны жайлап қана қозғап станокты жүргізді. Жұмыр валдар тағы да зырыл қақты. Жоңғыш жүзінен иіріліп шыйыршық атып шыққан темір жаңқалары төмен иіліп барып үзіліп құлап жатты.

Бір оқыс сытыр токарьды селк еткізді. Тағы да сынды ма?

Жас жігіттің күдігі рас болды. Жоңғыш тетіктің жүзі тағы да опырыла сыныпты. Ненің күші түсті екен?

«Қыйраттым тағы да. Қолымнан келмейтінге неге ұмтылдым»,— деп Баяхмет кейіп ойлады. Мастер әлгінде ғана жөндел беріп, ақылын айтып кетіп еді. Оған енді не демек? Бәрінен де осы батты жанына. Ұят та бетін күйдіріп барады. «Мынау өзі токарь болып келмей жатып қыйратты-ау шетінен»,— дейді-ау біреу. Оған не айтады?

Осы салмақ екі иінінен езіп әкеп, Баяхметті сылқ еткізіп отырғыза салды.

— О, мұның не, Баишев? — деген дауыс оны қолтығынан көтеріп тік тұрғызды.

— Қыйраттым тағы да,— деп Баяхмет төмен қарады.

— Бүйтіп тез мұңаюын жұмысшы бойына жараспайды, жігітім. Ештемені қыйратқан жоқсың. Мұндай-мұндай ақау әлбетте болады. Сенің дәл қазіргі күйінді бір кезде өз басымнан мен де кешіргенмін,— деді оған Сергей Хачатурян.

Ол өзі де үлкен бір цехтың аға мастері дәрежесіне бір күнде жеткен жоқ қой. Бұдан он бес жыл бұрын осы заводқа жүк тиеуші жай қара жұмысшы болып қана кірген. Содан жылжып цехқа келді. Үйрену мектебінен өтті. Оған да көмектесті. Токарь болды. Озық еңбегі оны коллектив құрметіне бөледі. Ол өз ісінің үздік шебері атанды. Мастерлік дәрежеге жетті. Енді қазір бір цехтың үстінен қарайтын аға мастер. Баяхметтің алдында еңбектің осындай өрлеу жолы созылып жатыр ғой.

— Шыдам керек, төзім керек. Сонда ғана бар қыйындықты женесің. Ал, қанеки,

сынған тетікті екеулеп ондап көрелік,— деді мастер.

Ол болат жоңғышты алып, аударып-төңкеріп байқады да, «жүзін темірге тым қалың жіберіп алыпсың, күш түсіп сынған. Орнына жаңасын салу қажет» деді.

Бұл жұмыс та тез бітті. Станок қайта жүрді. Сәлден соң жас токарьдың бірінші жасаған бұйымы әзір болды. Мөп-мөлдір тана маржандай әдемі алты қырлы гайканы Баяхмет алақанына қойып қуана қарады. Өңі қызылшырайланып, көздері күлім қақты. Өз қолынан шыққан алғашқы бұйымын асықша ойнақшытып екі алақанына кезек ауыстырды. Еріне тақап ақырын ғана үрлеп те қойды. Мұнысына қылшығы үрпие қалғандай гайканың томпақ бетін саусағымен сылай сыйпады. «Міне, көрдіңіз бе?» дегендей көршілеріне де жалтақтап алды. Біреу көргелі шақырса, жүгіріп-ақ барғысы келіп тұр.

Оның бұл күйін Хачатурян бірден сезіп, ұғып еді. Енді Баишевке тақау келіп:

— Ал, құтты болсын! Іске сәт! — деді.

Баяхмет үнсіз күлімдей берді.

Ол келесі гайканы тез жасады. Бұл жолы темір жоңғыш тетіктің өткір жүзі сынған да жоқ, мұқалған да жоқ. Жас токарьдың қолдары да жасқанып қалтырамады. Енді оның өз-өзіне сенімі де ұлғая түскендей.

Жұмыс сонында егде токарьлармен бірге ол да өзі жасаған бұйымдарын байқаудан өткізді. Тексеруші оның гайкаларын түгелдей жарамды деп қабылдады.

— Өз қолыңнан шыққан заттың еш ақауы болмасын. Токарь үшін ең бастысы осы,— деді Сергей Хачатурян жас жігітті алғашқы еңбек табысымен құттықтап тұрып.


— Сол үшін тырысамын! — деді Баяхмет. Оның күлімсіреген нұрлы көздерінен аға мастер нағыз еңбек адамының шынайы қуанышын көрді.

Сол күні жұмыстан оралған бетінде Баяхмет алыстағы ауылдағы шешесіне қуанып отырып хат жолдады. Бірінші рет осы хатында «балаңыз токарь болды» деп мақтанышпен хабарлады.

Нығмет Ғабдуллин.

Алматыдағы ауыр
машина жасау заводы.





Шымкент

Шымкент. Калинин атындағы Шымкент қорғасын заводының тұрғын үйлерінің бірі.

«Алматы — Москва» поезы екпінін тежей келіп тоқтады.

— Шымкентке келдік! — деп жариялады проводник.

Жолаушылар жапырласа шығуға әзірленді. Қаз-қатар тізілген әдемі, шаңқана ақ үйлері бар тап-таза вокзалды көптің-ақ көргісі келеді.

Әуе райы жылы, мәуелеген жеміс бағының ортасындағы Шымкент ежелден келушіні қызықтыратын.

— Ыстық, оңтүстіктен өтіп бара жатқанымыз байқалып-ақ тұр, — деседі жолаушылар.

Көркі көз тойдырарлық вокзалға қарап тұрғанда уақыт та тез өтіп кеткен сыяқты. Міне, үшінші қоңырау соғылды. Жолаушылар да амалсыз вагонға кіріп жатыр. Олардың сонша таза, әдемі вокзалды қыйғысы келмейді. Амал қанша, жолаушыға тоқтауға лаж бар ма! Орналасқаннан кейін жолаушылар әр көрген жақсылығын айтысып Шымкенттің артықшылығын әңгіме қыла бастады. Біреулер шіркіннің жүзімі, тәтті алмасы қандай жақсы десе, екіншілері анары, алмұрты, жаңғағы жаман ба екен деп қояды.

Шынын айту керек, бұл жүрдек поезддағы жолаушылардың бәрі де бірден Шымкентті көріп ілгері тартқан жоқ. Мұнда да бірінсаран қалғандар болды. Олар — команди-

ровкаға, демалуға келген қызметкерлер, студенттер, немесе Оңтүстік Қазақстан облысына жұмысқа жіберілген азаматтар. Бұл адамдар вокзал жанындағы алаңда күтіп тұрған жұмсақ орындықты әсем автомобильдерге мініп қалаға бет алады.

Вокзалдан қаланың ортасына дейін 5—6 километр. Тас жолмен жүйткіген автомобильдер жолаушыларды кілең жаңадан салынған жұмысшылардың, қызметкерлердің меншікті үйлерінің арасымен жас ағаштарды саялай қалаға алып келеді. Осылайша әлденеше минуттан кейін автомобильдер тас төселген кең алаңға келіп шығады. Осы алаңнан тарам-тарам жолдар қаланың әр тарапына таралады. Бұл — қаланың нақ ортасын жарып өтетін кең көше. Оқтай түзу, кең, тегіс бұл көше қаланың оңтүстігінен басталып, солтүстігінде аяқталады. Көшенің екі жағына аспандай өскен бәйтерек өрім жапырақтарымен көшені күннен жасырады. Күлімдеген күн нұры тек сыбдырлаған жапырақ арасынан адамның бетін өпкендей болады. Осы қалың жапырақтардың арасынан екі, үш этажды үйлердің терезелері көзге түседі. Мынау тұрған биік әдемі ақ үй — облыстық партия комитетінің кеңсесі. Почта телеграф үйі де, кино-театр да, технология институты да осы көшеге орналасқан. Қалалық парк пен балалар паркі де осы үлкен көшенің бойынан табылады.

Оңтүстіктің ең ыстық күндері, термометр 40—45 градус ыстықты көрсетіп тұрғанда да, бұл көшенің саясында жүрген адам жөнді ыстықтамайды. Жоғарыда күнді қалың жапырақ көлеңкелесе, төменде арықтан сылдырап аққан су салқын еседі. Бұл қаланың әр көшесінде шаңырқаған адамның шөлін қандыратын салқын сусын көп. Егер Қазақстанның қалаларының дәмді, салқын сусынды мол жасайтыны осы Шымкент қаласы десек, онша қате айтпаған боламыз. Мұның себебі де бар. Күні ыстық қаланың халқына сусын көп керек. Бұл қала жеміс байлығын сол сусынға айналдыруға шеберленген.

Қаладағы ең үлкен көше деп осы Совет көшесі есептеледі. Ол рас та. Бірақ, қалада онан өзге де ағашы мол, түзу, тегіс кең көшелер аз емес. Карл Маркс атындағы, Киров атындағы, Горький атындағы, Полторацкий атындағы, БЛКЖО-ның 30 жылдығы көшелерінің баяғы ескі қаладағы тар көшелерге ешқандай ұқсастығы жоқ. Анығын айтқанда, бүкіл Шымкент қаласы қалың жапырақты орманның саясына жасырынған. Ол — Алматы сыяқты бақтың ортасында тұрған қала.

Шымкент, әсіресе, көктемде күлпыра көз тартады. Марттың бас шенінде мұнда өрік гүлдейді. Алыстан қарағанда осы өрік ағаштары ақ мақтаға орап қойған тәрізді. Онан кейін шие, черешня, алма ағаштары да гүлдене бастайды. Әсіресе, күлгін қызыл гүл шашқан шабдәлі көрушінің көзін тойдырады. Қайсы бірін айтып тауысарсың. Қаланың барлық аулалары — мәуелеп тұрған жеміс бағы. Шымкентте көктемде болған адам оның табиғи байлығын, көркін өмірі ұмытпайды.


Шымкенттіктер өзінің қаласын өте ұнатады, оның көгал өсімдіктерін жылдан-жылға ұлғайтады. Тек былтырғы күзде ғана, бау аптасы кезінде мұндағы тұрғындар 36 мың түп ағаш және 25 мың түп шыбық отырғызды.

Қаланың орталық көшесінің біріне облыстық музей орнаған. Ол музейге Шымкенттің тарихына байланысты материалдар жыйнастырылған. Олардан біз Шымкент деген қаланың аты екі сөзден; „шым“ және „кент“ дегеннен құралғанын білеміз. Бұл қала алғашқыда шымнан салынған. Сол себепті алғашқы „шым“ деген сөз осыдан алынған, Екінші „кент“ арапша „қала“ деген сөз екен. Сонымен, Шымкенттің мағнасы „шымнан салынған қала“ екен. Бұл қаланың алғашқы салына бастауын қайсы бір тарихшылар 12 ғасырға шендестіреді. Бірақ дәл

қаланың қай ғасырда салына бастағаны туралы анық дерек жоқ. Сонда да, бұл қаланың салынғанына көп болғанын, бұдан 50 жыл бұрын қаланың айналасын қоршаған қорғанның болғандығы дәлелдейді. Орыс ғалымдарына Шымкент 1737 жылдан мәлім. Бірақ, ол уақытында ол Чамин деп аталған. 1800 жылы Шымкент Ташкент әкімі Жүніс Қожаның қарамағына беріледі. 1864 жылдың сентябрінде патша әскері офицер Черняевтың басшылығымен Шымкенттегі Қоқан ханының гарнизонын талқандап, оны Қазақстанның өзіне қайтарды. Сонымен, Қазақстан жерінің түгелімен Россияға қосылуы осымен аяқталды.

Бұдан 150 жыл бұрын қазіргі Шымкенттің орнында кішкентай терезесі аулаға қараған 700 ғана балшық үйлер бар еді. Бұл үйлердің бәрі ескі Азиядағы әдетпен биік дуалдармен қоршалғанды. Мұндай үйлердің некен саяқ қалдықтары Шымкентте әлі де бар. Бірақ, олар тек ескі қалада. Ал, қазіргі жаңа Шымкент — жылу трубамен жіберілетін кілең екі және үш этажды үйлерден құралған қала.

Ұлы Октябрь революциясынан кейін қала етегін кең жайды. Бесжылдықтар ішінде мұның маңына бүкіл елімізге мәлім ірі өнеркәсіп орындары салынды. Шымкенттің фабрикалары мен заводтарынан шыққан



Шымкент жіп иіру-трикотаж комбинатының бір цехы.
Суретті түсірген П. Редько.

заттарды Қыйыр Шығыстан да, Сибирьден де, Оралдан да, Қырымнан да кездестіруге болады. Бұл жерден үздік жақсы автомат-прессер, қорғасын, тоқыма заттары, айна, мақта майы, медицина аспаптары еліміздің тұс-тұсына жөнелтіліп жатады. Іштегі жылан құртты жоюға қолданылатын дәрі санин Шымкенттегі химияфармацевті заводтың өнімі дүние жүзіне мәлім.

Қала халқын ертеменен жарыса шақырған күшті гудоктар оятады. Бұл — қорғасын заводының, автомат-пресс заводының, мақта-мата комбинатының гудоктары.

Үлкен қақпаның маңдайшасында алтындалған Ленин ордені жарқырайды. Қақпадан кірген бетте кең кен ауласына келесіз де, тұс-тұсқа тарап жатқан темір жол торабын көресіз. Бұл жолдармен кен тиелген ашық платформалар кетіп жатады.

Кен заводтың толып жатқан цехтарына келеді де, бірінде уатылып, екіншісінде үгітіліп, үшіншісінде балқытылады. Алып заводтың кенді суша ағызатын қорыту пештерінде жұмыс істеп тұрған еңбек ері жұмысшыларды көресіз. Бұлардың арасында осы заводпен бірге жасасып келе жатқандар да бар. Олар — Төлебаев, Добряков, Жақыпбеков, Байдалеев сыяқты қарт жұмысшылар. Бұлармен еңбек етіп жүрген: Виктор Кондратенко, Петр Ракитин, Зоя Веремеенко, Раиса Черкасова орта мектепті былтыр бітіріп, осы заводқа келген еді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында қорғасын алыбына тағы бір үлкен кәсіп орны қонды. Ол — автомат-пресс заводы. Оның айналасы биік кірпіш дуалмен қоршалған. Электр қуатымен ырғалған көп станоктардың біркелкі дыбысы құлаққа алыстан естіледі. Бұл өндірістің ішіне кіргеніңізде, жалт еткен нажағай отындай жарық о жерден де, бұл жерден де көз шалады. Жалтылдаған жарықтың ішінен көк буалдыр будақтайды. Бұлар — электрмен пісіріліп жатқан металдар. Үлкен завод күрделі өнім шығарады. Оның цехтарында алуан түрлі күрделі машиналар жасалады. Бұл завод өнеркәсіпті автомат-прессермен жабдықтайды. Заводтың 4 маңдай алды конструкторлары мен технологтары: Александр Лаврентьевич Борисовқа, Александр Игнатьевич Сопляковқа, Владимир Андрианович Ружейниковқа, Лев Павлович Веревкинға үздік автомат ойлап шығарғаны үшін Сталиндік сыйлықтар берілген.

Шымкент — үлкен өнеркәсіпті қала. Оның

фабрикалары мен заводтарын әңгімелегенде, бесінші бесжылдықта пайда болған перзент — мақта-мата комбинатын айтпай кетуге болмайды. Ол өз елімізде жасалған үздік машиналармен жабдықталған. Бұл комбинаттың цехтарынан көп адам көре алмайсыз. Бәрін механизм орындайды. Олар мақта торқасынан жақсы, төзімді тыс киімдік мата тоқыйды. Былтыр жылдың аяғында тоқымашылар тағы бір елеулі табыстарға жетті. Бояу фабрикасы іске қосылды. Мұнда мақтаны бояудың қай түріне болса да бояуға болады. Оған қызыл, көк, жасыл, күрен, кара түрлерге боялған жіп жөнеліп жатады.

Шымкент көшелері шат көңілді жастарға толы. Еліміздің және бүкіл Қазақстанның бұрыш-бұрышынан жастар мұндағы технология институтына, кен-металлургия техникумына оқуға келіп түседі. Бұл қалада білім алған инженерлер мен техниктерді, кеншілерді, металлургтерді, электр механиктерін, химиктерді Донбастан да, Қарағандыдан да, Кривой-Рогтан да, Теміртаудан да, Челябинскіден де, Беговатдан да кездестіруге болады.

Қалада көп мектептер бар. Оларға қаланың ең таңдаулы үйлері берілген. Біз автомат-пресс заводының жұмысшы поселкесінде быйыл ғана салынған жаңа мектепте болдық. Бұл — терезесі кен зәулім үй. Кең терезеден күн нұры мол төгіледі. Аппақ қабырғалары күнге шағылысып көзді ұялтады. Мектеп жылу трубасымен жылынады. Мұның ішінде жақсы жабдықталған химия, физика кабинеттері бар. Кабинеттердің бәріне су трубамен келтірілген. Физкультура залы, тәжірибе станциясы көрушіні мейлінше сүйсіндіреді. Автомат-пресс заводы поселкесіндегі бұл мектеп совет өкіметінің жұмысшы балаларына деген үлкен қамқорлығын көрсетеді.

Шымкент — республикадағы ең ірі облыстардың бірі Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы. Бұл қаланың көшелерінен оның барлық 19 ауданының өкілдерін: Мақта Аралдың мақташыларын, Бостандықтың бағбандарын, Созақтың малшыларын, Сайранның жібекшілерін кездестіресіз. Оңтүстік Қазақстанның байлығы әралуан. Оның бұл байлықтары тасқыны қатты Бадам өзенінің жағасына орнаған Шымкент қаласы арқылы еліміздің бұрыш-бұрышына тарап жатады.

Георгий Иодко

Шымкент.

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӨЛЕҢДЕР

Қасымның хаты

Каникул жазғы басталды,
Лагерге кетті Қасым да.
Кешікпей-ақ хат салды
Ауылдағы досына:
— Достар бүгін түсті ойға,
Жүрміз жақсы дем алып.
Шынықтым жыйып күш бойға,
Спортшы дерсің мені анық.
Гүлге оранған «түз» бәрі
Биік таудың қойнауы.
Көрдім ақбас «қыздарды»
Бұлттан асқан бойлары.
Көп-ақ ұшқан «қыс» мұнда
Балапан ерткен «қырлары»...
Қолыңды әкел, «күстем да...»
Қош бол, жай сол мұндағы». —
Ауылдағы досынан
Жауап келді Қасымға:
«Таза ауада бізге де
Көңілді колхоз қосында.
Хатыңды оқып жыйналып,
Таба алмадық бір шындық.
Әжең тіпті қыйналып
Деп қояды: «Не сұмдық!»
Тұзды ораған не гүлің?
Неге айтпайсың дұрысын?
Құсқандай мен не қылдым,
Ол нең ұшқан «қыр», «қысың»?
Келер хатта сөзіңді
Нандырам деп бұрма олай.
Таудай қыздар өзінді
Езіп кетпей жүр қалай?»
Берейін айтып сыр неде?
Жауап күтпей сізге мен
Қасым «ы», «ү», «ү»-лердің
Айырмасын білмеген.
«Қысы» — күс, «тұзы» — түз еді,
«Қыры» — құр, «қызы» — құз
еді.
Ұялған Қасым қатесін
Келер хатта түзеді.

Индия баласы

Жаз деп мені күштейтін
Сенің ауыр азабың.
Көз алдымда түс-кейпің,
Аяныппен жазамын:
Жап-жас бала — аш, арық,
Жұмыс тілеп
кезеді.
Озбыр өмір қасарып,
Жас жүрегің езеді!
Тірі жүріп ананың
Құшағынан безеді.
Бірақ, жаны баланың
Бақыт барын сезеді.
Аш, жалаңаш пақырлар
Индияда талай мың.
Бақыт таңын атырар
Осылар деп қараймын.

РАШИТ СӘБИТОВ

Сараңдық

(Жапон ертегісі)

Жанындағы көршіге
Үй иесі бір сараң:
— Балға сұрап келші — деп
Қызметшісін жұмсаған.
— Сұрай кеп ем балғаңды.
— Не қыласың балғаңды?
— Шеге қағып алғалы.
Сараң көрші ойланды.
Уайымы жүзден кетпеді,
Басын қасып депті: «Енді
Қайтейін, гафу ет мені.
Інім алып кеткен-ді.
Қызметшісі келгенде:
— Сылтау-ақ екен сылтауы!
Майы кетер деген бе? —
Деп қожасы бұрқанды.
— Бар еді онда ар қашан?
Жоқты айтыпты қайдағы!
Болмас енді алмасам,
Өзіміздің балғаңы.

Жаңбыр

Аспанға бұлт түйілді.
Жерге ойнатты құйынды.
Табиғат отпен қол қойып,
Ақырып бұлтқа бұйырды:
«Жу егінді, бақшаны!
Көшедегі бас шаңды!»
Бұлт бұйрықтан аспады —
Жаңбыр жауа бастады.
Алтын дән ғып, мына біз
Күзде жыйнап аламыз.

Сабырсыз

Ыстық күн төніп төбедең,
Қора іші қапа-қапырық.
Балапандар шөлдеген
Тұрғандай мені шақырып.
Бір ыдысқа су құйып,
Ортаға әкеп қойып ем.
Қуана шапшаң жыйылып,
Ішіп жатты жайымен.
Бір балапан соң біліп,
Жүгіріп келді асығыс.
Қойып кетті аптығып,
Төңкеріліп қалды ыдыс.
Басқаны, өзін қуратты-ау,
Өз-өзінен бүлініп.
Достары тұрды жырақтау,
Сабырсыздан түңіліп.

ТҰРАП АЙДАРОВ

Еңбеккүн

Аулаға келіп тоқтады
Тиелген жүкті он көлік.
Үстінде: бидай, мак, тары,
Арпа, сұлы, алма, өрік.
— Осынша көлік бұл неткен?
Сұрағына Ермектің
Қуанышты жүрекпен
Деді апасы: «Еңбеккүн».

Көрмеде

Өсіре алар мұндайды
Даңқты агроном ғана —
Деп таңырқап бидайды
Қарады жұрт таңдана.
Тақтада тұр жазулы:
Есімдері, мектебі —
«Өздері күткен жаз бойы
Юннаттардың екені».

Нұралының айласы

— Тарихынды алып кел бүгін,
Бірге оқылық, Нұралы!
— Оқымаймын мен бүгін,
Менен кеше сұрады.
Ол өзіне лайық
«Таптым» деп жүр айланы.
Нұралыдан сұрайық:
— Кімге ол «айла» пайдалы?

МУБӘРАҚ ЖАМАНБАЛИНОВ
Новосибирь облысы.

Орынды сөз

Әкеліп кітапханадан,
Отыр ол оқып манадан
Шыдамы бітті,
тастады.
Ойлады бала басқаны...
Қандай қызық роман,
Көрсетті «сыйды» бұл оған.—
Әр жеріне «Хасен»,— деп,
Атын жазды әсемдеп.
Кітап айтты:
— Беттерім,
Бүлінді, бұл неткенің!
Шындықты жұрт білмей ме,
Сонда саған күлмей ме?!

САҒЫЙ ЖИЕНБАЕВ

Қызылорда.



Тірі өсімдіктерін қалай өсіру керек

Тірі гүлдерді қысы-жазы бірдей бөлме ішінде де өсіруге болады. Ол үшін табиғи, немесе бөлмеде өсетін әрбір өсімдік әртүрлі жағдайды керек ететінін біліп алуымыз керек. Өсімдіктердің тіршілігіне қажетті бұл жағдайлардың қатарына ылғал, қоректік заттар, ауа, жарық және жылылық жатады.

Міне, сендер өсімдіктердің осындай ерекшеліктерін білгеннен соң, бөлмелеріндегі терезелердің алдына неше алуан өсімдіктерді қысы-жазы бірдей өсіре аласыңдар.

Қаһарлы аязды қыс күндері делік. Ал, осы кезде сенің бөлмеңде өсімдіктер гүлін жарып, хош иісін шашып тұрғаны қандай жақсы! Мұндай жағдайда кейде жайдары жаз табиғатының рақаты жаныңда тұрғандай болады. Бірнеше бөлме өсімдіктері өсірілген терезенің алды — сен үшін тамаша лаборатория да бола алады. Сен мұнда жұмыс істей отырып, өсімдіктерді баптауды, олардың өсіп-өнуін қалауыңша ырқыңа көндіруді, оларды будандастыруды үйренесің. Әсіресе, өсімдіктер дүниесін ұлы ғалым Мичуринше сүйе білегің боласың.

Бөлме ішіндегі гүл шаруашылығының жақсы нәтижелі болуы өсімдіктерді сол бөлменің табиғи жағдайына лайықтап, тандап алуға байланысты.

Терезесі оңтүстікке қараған кен бөлмеде жарық мол болады. Ендеше, бұл бөлме жарықты көп керек ететін өсімдіктерді өсіруге қолайлы екен. Ал терезесі шағын, немесе терезесі шығыс пен батысқа қараған бөлмеде жарық та аз. Сондықтан, мұнда жарықты көп тілемейтін өсімдік отырғызылады.

Жылылықтың өзі де әр бөлмеде әртүрлі болып отырады. Ал, жылы бөлмелерде агава, америллис, бегония, папортник, традесканция сыяқты гүлдер жақсы өседі.

Ал, қоңырсалқын бөлмелерге герань, гортензия, лавр, фукция, цик-

ламен сыяқты өсімдіктерді отырғызғандарың жөн. Кейбір өсімдіктер жылы бөлмеде де, салқын бөлмеде де бірдей өсе береді. Бұлардың қатарына алоэ, аспидистра, кактус, мирта, олеандр, фикус, филодендрон және құрмалар жатады.

Осы күн жұртшылыққа белгілі, гүл шоғын көп жаратын өсімдіктер — примула мен жауқазын. Қазір біз өсіріп жүрген примула Қытайдан әкелінген. Ол гүл қыс бойы, демек, күзден көктемге дейін гүлдеп тұрады. Оған 5—8 градус қана жылылық жеткілікті. Бұл гүлдің түсі ашаң — қызыл, алқызыл, жасыл және ақ болып келеді. Примула тұқымнан, немесе өзінен өзі өнеді.

Мектептегі жас натуралистер мүйісіне тек әдемі гүлдерді ғана емес, сонымен қатар, жеміс беретін өсімдіктерді өсірулеріне болады.

„Балуан“

Сынасып, қарысып,
Ынтыға алысты.
Ақылдар жарысып,
Айлалар салысты.
Алдабек құлады,
Әрнеге «сүрініп»
«Қапы!»... деп сұрады,
Жармаса жүгіріп.
Қапысын беріп ед.
Жығылды тағы да.
Сенімі берік ед,
Алысу жағына.
«Қап!» деді тұра кеп:
«Белбеудің жаманы».
(Әйтпесе, жығар ед,
Өзіндей баланы).
Белбеуі жаңа еді
Күш болар жетпеген!
Сылтаушыл бала еді
Әрнені септеген.

Ж. НӘЖІМЕДЕНОВ,

Гурьев облысы.

Жемісті өсімдіктің бірі — лимон. Оның хош иісті көркем жапырағымен қатар, тәтті жемісі де болады.

Бөлме өсімдіктерін өсірумен әуестенушілер кейде бөлме ішіне «осы лимонды өсірер ме еді» деп ойлайды. Бұл ойды іске асыруға әбден болады.

Егер цитрус тектес өсімдіктерге (бұған жататындар: лимон, апельсин, мандарин) жарық, жылылық, ылғал және қоректік заттар жеткілікті болса, өсіп жақсы жеміс береді.

Лимонды дәннен өсіргілерің келсе, онда дәнді құм аралас шірінді төгілген жер қыртысына тереңдігін бір сантиметр етіп көміңдер де, дүркін-дүркін суғарып тұрыңдар. Дән тек бір айдан кейін өніп шығады. Лимон көшетін бір-екі жапырақ шығысымен, басқа жерге көшіріңдер. Бөлме ішінде дәннен өсірілген цитрус тектес ағаштар 10—15 жыл өткеннен соң ғана гүлін жарады. Ал, енді бұл ағаштың тез гүлдеп, жемісті жылдам беруі үшін оны екі жылдан кейін тез гүлденгіш өсімдіктің кесіндісімен ұластырған жөн. Ұластырғаннан кейін цитрус тектес ағаштар екі-үш жылдан кейін жеміс бере бастайды.

Цитрус тектестерді әрқашан ұқыпты, үздіксіз қадағалап отыру керек. Осылай еткенде ғана әрбір лимон ағашынан 20 ға дейін лимон алуға болады.

Әр жас мичуринші цитрус ағаштарын өсіре білуге тиіс. Қандай да болмасын өсімдіктің тіршілік заңдылықтары бірдей. Бөлме өсімдіктерін өсіре отырып сендер бұл заңдылықты жақсы біліп алсаңдар, ертеңгі күні басқа да пайдалы өсімдіктерді қолдан өсіруді үйрене аласыңдар.

Р. С. Бессонова.

Алматыдағы «Зеленстрой» тресінің гүл өсіруші аға технигі



АПРЕЛЬ

Апрель — жауын-шашыны мол, көктем айы. Бұл кезде жылы жақтан құс та қайта бастайды.

Совет Одағының оңтүстігінде жаз лебі білінеді. Ал, солтүстігінде әлі қыс сол қалпында.

Қазақстанның қай жерінде болсын, апрель көктем белгісін білдіреді. Қар еріп, айналаны сел басады. Сайларда су жүре бастайды.

Осы кезде саяқат жасау қандай көңілді десеңізші! Далаға барсаң да, тауға шықсаң да, орман ішін араласаң да, көктем күндерін анық көресің. Өзен маңына таяу жерде тұратын балалар бұл кезде көп нәрсені байқай алады. Өзенде су жүріп, сең ағады. Шабындық жерге су жайылады. Жазда жайқалып шөп өсетін жердің бәрін қазір су тасқыны басқан. Судың бетінен мойнын қылқыйтып әр жерден бұта мен қамыс көрінеді. Дөңестеу жерлер су ортасында қалған аралдарға ұқсайды. Бұл жерді мекенін су басып қалған ұсақ жәндіктер паналайды. Бұл жерден қоян күшіктерін де кездестіруге болады. Кірпікшешен де жиі ұшырайды. Су ортасындағы арал оларға аса қолайлы мекен болмағанмен, олардың қолынан не келеді? Судың кеуіп, айналаның құрғауын күтіп отырады олар.

Су бетінде құс қандай көп десеңізші! Бірі ұшып, бірі қонып жатыр олардың. Құс шуы базарды еске түсіргендей. Бірақ, құстардың көбі сол манды мекендеп қалмайды. Олар су бетінде азырақ демалып, тамақтанып, солтүстікке қарай ұшып кетеді.

Көктемгі ағын су өзен балықтарын бірге айдайды. Сондықтан, бұл кезде көлдер-



ден, бөгет маңынан, кейде тіпті су жайылымынан балықты көптен ұстауға болады. Су кебе бастағанда қайраңда қалған балықтар сусыз жерде аузын ашып, әлсіреп жатады.

Апрельдің аяқ кезінде республикамыздың солтүстік облыстарында әр жерден қар көзге түседі. Ойпаң жерлерде, өзеңдерде қар әлі де еріп бітпеген. Бірақ, олардың да күні таяу. Күн қуаты қатты қыздырып, қар мазасын кетіре бастаған. Ал, биік тау бастарында қар жаздың ыстық күндерінде де жатады.

Жазық далаға көз салсаң, жердің көктеп құлпыра бастағанын көресің. Тіпті, өсімдігі аз құм мен шөлді жерлерде де әр жерден гүлдер өсіп көз тартады. Тау алабындағы колхоз бақтары да гүлдеп, шешек атады. Көктемгі гүлдерден ара бал жыйнайды.

Апрельдің орта кезінде құстар ұя дайындап, жұмыртқа салады.

Көктеммен бірге үлкен аңдар өміріне де өзгерістер кіреді. Аю үңгірін тастап, далаға шығады. Қыстыгүні үңгірде ұзақ жатқан ол жүндері ұйпаланып, қатты жүдеп шыққан. Енді олар жем іздеуге шығады. Ұзақ ұйқыдан оянып, аш шыққан аюлар бұл кезде аса қауіпті келеді. Ұрғашы аюлар күшіктерін өргізеді. Үңгірінен шыққанша енесінің сүтімен күн көрген аю күшіктері енді өз бетінше жем іздейді. Қыс бойы күшіктерін емізген, өзі ештеме ішіп-жемеген ұрғашы аю бұл кезде қолына түскеннің бәрін жем етеді. Ызалы аю ешкімді аямайды.

Жазға қарай бетпақ даланы марал, елік, арқар, киік жайлайды.

Егін даласының жауы — сарышұнақ тышқандар ін қазады. Олар—егіннің ең қауіпті жауы болып табылады. Сондықтан да, колхоздарда сарышұнаққа қарсы батыл күрес жүргізіледі. Оған мектеп балалары да көптеп қатысады.

Қазақстанның солтүстік облыстары, көбінесе, көктемгі егіске осы апрель айында кіріседі. Тракторлар егін даласына қаптап, қыстан жаңа бой жаза бастаған колхоз малдары жайылымға шығады. Тың жер игерушілер жаппай шабуылға аттанады.

Ал, оңтүстік облыстар көктемгі егісті бұл кезде аяқтап қояды. Олар бұл іске февраль, март айларында, кейде тіпті январьдың өзінде-ақ кіріседі.

Апрельдің бас кезінде Совет Одағының барлық мектептерінде «Құс күні» өткізіледі. Бұл күні балалар бақтар мен аулаларда, парктер мен тоғайларда құстарға орын дайындайды, құс ұяларын салады.

А. Синявский.

ЖЫЙЫРМА СӨЗ

Балалар, сендердің бәрің де Я. И. Перельманның «Қызықты физика», «Қызықты математика» деген атақты кітаптарын оқып, олардағы есептерді шығарып, ұсынылған тәжірибелерді жасап жүрсіңдер. Өздеріңе мәлім, оның «Қызықты математика» деген кітабында «Алып сандар туралы әңгімелер» бар.

— О, алдияр,— депті бір білгір математик қария,— ол санды айтар болсам, он сегіз квинтильон төрт жүз қырық алты квадрильон жеті жүз қырық төрт триллион жетпіс үш миллиард жеті жүз тоғыз миллион бес жүз елу бір мың алты жүз он бес. Ал, енді осы санды цифрмен жазып көріңдер. Сонда ол былай болып шығады: 18446744073709551615.

Міне, көрдіңдер ме, бұл — шынында да алып сан. Адамзаттың ойлау дәрежесінің жоғарылығы сонша, дүниеде оның есептей алмайтын, санын шығара алмайтын нәрсесі жоқ. Көзге көрінбейтін, әлденеше түрлі аппарат арқылы ғана байқауға болатын нәрсенің өзін адамзат оп-оңай есептеп шығарып, санай алады. Сол сандар ішінде, жоғарыда келтіргеніміздей, алыбы да кездеседі, ең кішісі де ұшырасады. Сондай сандардың бәрі де тіл арқылы беріледі, тіл арқылы түсіндіріледі, тілдік материал негізінде ойланылады. Тілдің ерекшелігі мен маңызын және оның заңдарын білудің қажеттілігі, міне, осыдан да тағы бір айқын көрінеді.

Тіл заңдарын білу керек дегеніміздің мәнісі мынау: байқамаған адамға, тілде, мәселен қазақ тілінде, қанша сан атауы бар деген сұрауға тосыннан жауап бере алмауларың ғажап емес. Жоғарыдағы санға қарап, сан деген өте көп, шексіз нәрсе ғой деулерің мүмкін. Сан деген мен сан атауы дегенді бір нәрсе деп қарамау керек. Сан бар да, сан атауы, яғни сөз бар. Санның өзі шексіз бола беруі мүмкін. Жоғарыдағы мысал — соның бір айғағы. Бірақ сол сан тіл арқылы беріледі, айтылады, сөйленеді, жазылады. Бірақ бұдан сан атауы шексіз деген ұғым тұмауға тиіс.

Тіл-тілде, сол сыяқты қазақ тілінде, негізгі сан атауы көп емес. Қазақ тілінде олар — жыйырма-ақ сөз. Бұл сөздер қазақ тілінің негізгі сөздік қорының бір бөлімі болып табылады. Шексіз сандар, неше-түрлі абстрактылық ұғымдар сол сөздер негізінде беріліп, түсіндіріледі.

Ол сөздер — негізгі сан атаулары қайсы? Олар мыналар: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, жыйырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, мың. Өздеріңе мәлім, бұл сөздер — сан есімдер. Дүниедегі не бір алып немесе аса көп нәрсенің саны осы жыйырма сөздің негізінде, олардың әртүрлі тіркестерде қолданылуы арқылы беріледі. Бұл жыйырма сөз тек қазақ тілі емес, қазақ тілімен туыстас алтай, шор, хакас, ноғай, қырғыз, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр, азербайжан, түрікмен, якут, тува, чуваш, татар, башқұрт сыяқты тілдердің бәрінде де бар. Бұл жыйырма сөз аталған тілдердің бәрінде ежелден, өте ерте заманнан бермен қарай қолданылып, сандық ұғым білдіру үшін пайдаланылып келе жатыр. Бұл жыйырма сөзге қосымша миллион, миллиард, триллион, квадрильон, квинтильон деген сыяқты сан атаулары да бар. Аса бір алып сандар болса, осы сөздердің тиістісі қолданылады.

Сөйтіп, жоғарыдағы жыйырма сөзді әртүрлі тіркесте қайталап қолдану арқылы алуан түрлі сан ұғымын білдіруге болады екен. Мәселен, ондай тіркес-

тің бір түрі — он бірден бастап, он екі, он үш... деген сыяқты болып жыйырмаға дейін, жыйырмадан нақ осы тәсіл арқылы отызға дейін... жүзге дейін айтылады. Мұнда екі сан тіркесіп отырады. Жүзден әрі үш санның тіркесі, мыңнан әрі төрт санның тіркесі т. с. с. болып кете береді. Міне, осындай тіркестердің бәрінің де арқауы — жоғарыдағы жыйырма сөз.

Төрт-бес, жыйырма-отыз, қырық-отыз, онды-бесті, жүз-жүз, елу бес, екі жүз сексен тоғыз, үш жүз қырық жеті деген сыяқты қосарлы сан есімдер де осы жыйырма сөз негізінде жасалған.

Ондап, бестеп, мындап, отыздап, оныншы, жүзінші, ондаған, мыңдаған, бесеу, алтау деген сыяқты қосымшалар жалғану арқылы жасалған сандардың негізі де сол жыйырма сөз.

Осы айтылғандардан шығатын қорытынды мынау: тіліміздегі сан атауы шексіз емес, санаулы-ақ, жыйырма-ақ сөз, бірақ сол сөздер алуан түрлі сандық ұғымды білдіре береді екен, ол үшін олар әртүрлі тіркесте қайталанып отырады. Мұның өзі, аз сөз негізінде көптеген ұғымды білдіру — адамзат ойлауының зор табысы. Бұл — бір.

Екіншіден, осы жыйырма сөз алуан түрлі алып сандар ұғымын, математикалық ұғымдарды білдірумен бірге, тілімізде басқа да бірнеше жаңа сөз жасауға да негіз болады. Осы жыйырма сөз негізінде қазақ тілінде үш жүзден аса жаңа сөз — зат есім, сын есім, есімдік, үстеу, етістік жасалады. Жаңа сөз жасауда осылардың ішінде «бір» деген сөздің ролі айрықша. Қазақ тілінде бірдейлік, бірдейлеуші, бірлестік, бірігуші, біріктіруші, бірлік, біртіндеуші, бірдей, бірегей, бірлескіш, біртіндей, бірбеткей, бірсыдырғы, біртегіс, біртұтас, бірыңғай, бірқалыпты, біреңкей, бірер, бірерлеген, бір-бір, бірекі, бірер-саран, бірлі-жарым, біраз, бірдеме, бірнеше, белгілібір, ешбір, кейбір, қайбір, қайсыбір, әрбір, біреу-міреу, бірге, бірден, біртіндеп, бірауық, бірауыздан, біржолата, бірқатар, бірталай, бірқыдыру, бірқауым, бірақ, біресе, біріншіден деген сыяқты толып жатқан сөз осы «бір» сөзінің негізінде жасалған.

Сол сыяқты, екілік, екіталай, екіұдай, екіұшты, екеулеп, екеуара, екіншілсей, үштік, үшкіл, үшеуара, төрттік, төртбақ, төрткіл, бестік, бесатар, бесбармақ, бесті, алтыатар, алтыбақан, алтылық, жетілік, сегіздік, тоғыздық, ондық, онбасы, елубасы, жүзбасы, тоқсандық, жүздік дегендер тәрізді толып жатқан сөздердің негізі — жоғарыда келтірілген жыйырма сөз.

Осы айтылғандардың бәрінен мынадай қорытынды шығады: сан шексіз бола береді, сандық ұғымның бәрі де тіл арқылы, тілдік материал негізінде түсіндіріледі, сан шексіз болғанмен, сандық атаулар шексіз болмайды, сандық атаулар, яғни сөздер арқылы сандық ұғымды түсіндіру жолы әртүрлі болады, ол сөздер түрлі тіркестерде қайталанып қолданылып отырады, қазақ тілінде негізгі сан атауы — жыйырма сөз. Бұл жыйырма сөз арқылы кез-келген сандық ұғымды білдіруге болады. Оның үстіне бұл жыйырма сөзден қазақ тілінде үш жүзге тарта басқа сөздер — зат есім, сын есім, есімдік, үстеу, етістіктер жасалады. Мұның бәрі тілдің айрықша мәнін көрсетеді. Тілді және оның заңдылықтарын білудің керектігі, міне, осында.

Ә. Хасенов.

Елкен саяқатқа шығады

— Шіркіннің саяқатшысын-ай! — деп мырс етті, Алматы мектептерінің бірінің шәкірті Елкен, өз отрядындағы баланы келемеждеп.

— Қала маңын араладық. Тауда болдық. Шатырлар тігіп, от жақтық, тамақ істеп іштік— дейді. — Оның несі қызық? Талай рет болған, көрген таныс жер емес пе? — деп мазақтайды жолдастарын Елкен.

Елкенді жолдастары балық аулауға шақырды, оған мақта иіру фабрикасына саяқатқа барғанда көргендерін айтып берді. Бұлардың оны колхоз даласындағы жаңа машиналарды көруге, немесе жаңғақ өсірген бағбанға қонаққа барып қайтуға да шақырғаны барды. Олар бір күні Ұзынағашқа баруға, онан кейін Жамбылдың музейін көріп қайтуға жүр деп те жалынды.

Елкен олардың бәріне:

— Бір күндік саяқат бола ма екен? Ол анау балалар бақшасындағы бөпелердің ісі. Жоқ, балалар, мен басқаша ойлап жүрмін. Мен алыс жолға саяқат құруды ойлаймын,— деп бармай қойған.

Осылай деп Елкен соңғы кезде жанынан тастамай жүрген картасын аяғына жайып қойып:

— Міне, Алматыдан поезға мініп Оралға дейін барамыз. Мұнда тоқтап Пугачев болған жерлерді көреміз. Онан әрі қайыққа отырып Орал өзенін бойлап Каспий теңізіне жетеміз. Жолшыбай теңіздің қайырлау себептерін анықтаймыз. Онан әрі кемеге отырып Астраханьға жетеміз де, Волганың сағасын серуендейміз. Астраханьнан шығып, Бакуге түсеміз. Мұнда мұнай кәсіп орындарында болып, сонан кейін Кавказ тауын аралай отырып, Ростовқа жетеміз де, кемеге отырып Волго-Дон каналымен тартамыз. Саратовқа келгеннен кейін поезға отырып өзіміздің Алматыға қайтып ораламыз,— деп доғарды қыялын ол.

Елкен бұл арман еткен сапарын карта бетіне қызыл қарындашпен баттытып сызып қойыпты. Мұны үңіле қарап отырып балалар Елкеннің мына қызыл сызықтың айналасында қарындашын талай рет жортақтатқанын байқады. «Ержүрек» саяқатшымыз жаңа тізіп өткен қалаларды көзі оттай жайнап тағы бір рет қайталап өтті.

Күндердің бір күнінде Елкен отрядындағы пионерлер сенбейтін бір оқыйға болды. Елкен шынында саяқатқа шығыпты да, көп ұзамай-ақ Бакуге барып жетіпті. Оның қалай болғанын кейін айта жатармыз. Әзірше Елкен міне Каспий теңізінің жағасында мұнай мұнараларының тура теңіз ішінде екенін өз көзімен көріп рақаттанып-ақ тұр.

Сөйтіп тұрғанда оның көзіне теңіз жағасынан бір ағаш шалынды. Бұл не ағаш? Оған таныс емес...

— Әй бала, мынау не ағаш? — деп сұрады Елкен,

осы кезде оның жанынан өтіп бара жатқан Бакудің бір пионерінен.

— Бұл кәдуелгі майқарағай ғой,— деді Баку пионері.— Әй, сен өзің қайдан келген едің? Майқарағайды білмейтін?

— Мен бе, саяқатшы пионермін! — деді мардамсый Елкен. — Мен Алматыдан келдім.

— Алматыдан! — деді таңырқай Баку пионері. Сөйткенше-ақ Бакудің елу шақты пионері Елкенді қоршап алды.

— Сен өзіңнің қалаң жөнінде айтшы,— деді олар шуылдасып.

— Алматы—Қазақстанның астанасы болады,— деді маңғазсып Елкен.— Ол пағыз таудың бөктерінде. Онда парктер көп. Кинотеатрлар көп. Және фабрикалар мен заводтар бар...

Осы жерге келгенде Елкен мінгірлеп қалды да, Баку пионерлері оған сұрақты жаудыра бастады...

— Сендердің тауларында қандай ағаштар өседі?

— Сендерде мақта бар ма? Шай бар ма?

— Ал, сендердің ұлы ақындарың Жамбыл қайда тұрушы еді?

— Әй, әлгі сендердің тамаша апорт алмаларың қалай өседі?

Сұрақ жауған сайын Елкеннің мойнына су құйылып, басын тұқырта түседі.

— Мұнан да өлсемші! — дейді ол ішінен күйініп.

Қысылып есі шығып тұрғанда Елкеннің гүрс етіп құлап кеткені бар емес пе!

— Уһ! — деп көзін ашып жіберсе, бағанағыдан бергінің бәрі түсі екен оның.

— Түс болғаны мұндай аброй болар ма! — деп қуанды Елкен.— Ал, егер шын солай болса? Онда мен қалай құтылған болар едім? Не деп жауап берген болар едім?

Осы бетімен ол орнынан ұшып тұра келіп терезені ашып жібергенде, үйге таңертеңгі салқын жел еркіндей кірді. Кеудесін толтыра таза ауа жұтып көшеге көз жіберсе, оның отрядындағы балалар сап түзеп бір жаққа кетіп барады екен.

— Әй, қайда барасыңдар? — деп айғайлады Елкен, басын терезеден шығарып.

— Ботаника бағына барамыз,— деді балалар.— Оның несі сұрайсың, саған қызығы жоқ қой. Біз бір-ақ күндік жерге барамыз.

— Жоқ, маған өте қызық! — деді жалына Елкен.— Тоқтаңдар, тоқтай тұрыңдар. Мен қазір шығамын.

Сонымен, Елкен дереу барып жолдастарының тобына қосылды.

...Міне бұл оқыйға таяуда Алматы мектебінің бірінде болған. Ал, сіздерде мұндай оқыйға болып келген емес пе?

И. СТРЕЛКОВА.

Мұқабаның бірінші бетінде «Комсомол билетін тапсыру» Суретті салған Н. Лебедев.


Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Қыйрабаев С., (редактор), Нұрқатов А., Нұртазин М.

Республикалық газеттер баспасы.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журналы «Пионер».

Подписано к печати 21/III 55 г. УГ02497. Бум. 84×108¹/₁₆—0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 23 750. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 429.



Баланың уақытында



ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1955 жылы 2-номеріндегі түрлі жұмбақтардың шешуі:

КРИПТОГРАММА

И. П. Павловтың өсиеті:

«... Ғылым адамның бүкіл өмірін талап ететіндігі естерінде болсын. Егер сендердің өмірлерің екеу болса, соның өзі де жетпеген болар еді».

БҮЛ КІМ?

Ыбрай Алтынсарин.

ОЛ ҚАНДАЙ МАҚАЛ?

«Қанарат қарын тойғызар, қанаратсыз жалғыз атын сойғызар».

ОРЫС ЖҰМБАҚТАРЫ

1. Аяз.
2. Мүз сүңгі.
3. Бес саусак.


Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

А. Накыпжанов (Қарағанды облысы), З. Исенова, Ә. Исаханова (Павлодар), Ғ. Тәжібаев (Қостанай облысы), К. Бекназарова (Алматы облысы), Ж. Айдаралиев (Доссор).

КРОССВОРД

Тігінен

1. Шабылған егінжайда қалған қалдық.
2. Оқу.
3. Кашықтық.
5. Ағаш.
6. Әдеби жанр.
7. Өсиет сөз.
8. Жәндік.
10. Батпақ.
12. Тәтті.
13. Кінәсіз кінәлі.
14. Адамның мүшесі.
15. Әрекет.
18. Түс.



КРИПТОГРАММА

Егер мына криптограммада берілген сөздердің анықтамасы бойынша дұрыс тауып, көрсетілген клеткаларға әріптерді дәл орналастыра білсеңдер, қазақтың тұңғыш педагогі Ы. Алтынсариннің балаларды өнер-білімге шақырған өлеңі шығады.

Кәне, кім бұрын табар екен?

I. Қозы байлайтын орын. — 1.13.16.2.11.

- II. Қағаз қалта — 18.5.1.2.19
 - III. Қазақстандағы өзен — 15.3.2
 - IV. Қазақстандағы облыс орталығы — 8.5.6.5.10.5.11.12.9
 - V — ССРО-дағы ірі көмір бассейні — 12.7.11.4.5.17.17.
 - VI. Арбаның бөлшегі — 12.13.14.16.2.3.2.1.
- Құрастырған: Е. Абдыганпов
Шелек ауданы. Төрткөл жетіжылдық мектебі.

Көлденеңінен

1. Түсті металл.
3. Мерзім.
4. Жеміс.
6. Балық.
8. Жыйналып алынған егін.
9. Елеусіз, байқалмай қалу.
11. Декабрь айының ескіше аты.
14. Сусын.
16. Бекініс.
17. Аттың жабдығы.
18. Өзеннің негізгі су жүретін жолы.
19. Іркілген жаңбыр суы.

Жасаған М. Садыкова.
Алматы.

ЖҰМБАҚТАР ✓

Көлемі шарың, көп қыры,
Қолдан-қолға өтеді.
Өмірдің талай мол сыры
Ішіне сыйып кетеді.

Жаны жоқ, бірақ ізі бар,
Жетектеп өзің жүресің.
Сол ізді қайта зерттеп көр,
Көп нәрсені білесің.

Күні бойы сен оны,
Екі аяқтап басасың.
Жатар кезде өзіннен,
Аулақтатып қашасың.

Н. БАЙСЕРКЕЕВ,
Балхаш ауданы.

Бала
Әзім

Бағасы 1 сом.



Фландр қояны: үлкенінің салмағы 5-8 килограмм. 4-6 көжек табады.



Үлкен ақ қоян: үлкенінің салмағы кемінде 5-6 килограмм. Оның терісі үлкен және жоғары сапалы болады.



Шампань қояны: үлкенінің салмағы 4 килограмм. 6-7 көжектен табады.



Шиншилла қояны: үлкенінің салмағы 4 килограмм. Күй таңдамайды. Өсімтал. Тез көбейеді.



Веналық көк қоян: үлкенінің салмағы 4-5 килограмм. Кемінде 6-7 көжек табады.



Каракүрең қоян: үлкенінің салмағы 5 килограмм. 5-7 көжектен табады. Бұл совет зоотехниктері

Пионерлер мен мектеп оқушылары үй қоянын өсіріңдер!

Үй қоянын өсіру оңай. Үй қояны тез өседі, 5-6 айдан кейін ақ туа бастайды. Жыл басында туған ұрғашы көжектің өзі жыл аяғында балалайды. Бір еркек және бір ұрғашы қояндарың болып, оларды жақсылап күтсендер, олар жылына 90-100 көжек береді. Басқаша айтқанда, олардан көптеген жоғары сапалы терілер, сол сыяқты бірқатар дәмді, жұғымды ет алуға болады.

Сонымен бірге қоянды етке тапсыруға болады, мұның өзі колхоздардың негізгі фермаларында мал шаруашылығын жедел өркендетуге көмектеседі. Қоянның 800 грамдық тірідей салмағы мемлекетке тапсырылатын еттің 1 килограммының орнына өтеді. Ангор қояндарының түбітін колхоздар жүн тапсыру есебіне өткізе алады. Қоян түбітінің 250 грамы жүннің бір килограммы есебіне қабылданады.

Асыл тұқымды үй қояндарын сатып алу жөнінде «Заготживсырьенның» облыстық және аудандық конторларына жолығындар. Үй қоянын өсіру және азықтандыру техникасы жөнінде нұсқауды да солардан алуға болады.

Тапсырылған қоян терісіне бұйым иелерінің қалауы бойынша 100 процент мөлшеріне азық-түлік және өнеркәсіп товарларын немесе иленіп, боялған қоян терісін алуға болады.

Қоян өсіретін шарбақты әркім-ақ өзі тақтайдан немесе фанерден жасап ала алады. Үй қояндарын көк шөппен, ағаштың бұтағымен, әртүрлі қабықтармен, картоптың сабағымен, овощпен және аздап дәнді жеммен азықтандыруға болады.

Әрбір мектеп оқушысы үйде, колхозда, мектеп участогінде қоян өсіретін болса, ол өзінің үй-ішіне және мемлекетке көмектесетінін ұғып қоюы тиіс.

